Сондай-ақ, туристердің ағымының төмендеуіне әсер ететін басқа да мәселелер бар: 1) виза мәселелерімен байланысты қиыншылықтар. Визасыз кіріп-шығуға болатын елдер бар. Біз үшін осындай әкімшілік рәсімінің жеңілдеуі өте маңызды; 2) Қазақстан Республикасының туризм агенттігі «Hot Line» құру ісімен айналысуда. Егер турист кез-келген аймақта туристік сапармен жүрген кезде төтенше жағдай болса, арнайы жүйе арқылы қажетті көмек жөнінде ақпарат беруге мүмкіндік туады. Бұл әрине мәселенің ұшығуының алдын алады; 3) тұрақты негіздегі авиарейстің жеткіліксіздігі; 4) көрсетілген қызметтердің бағасының деңгейін олардың сапасына сай болмауы (тұру, тамақтану, көлікпен қамтамасыз ету және т.б.); 3) салық саясаты туризмнің дамуына кедергі жасайды, фирма туристерді жіберуге немесе қабылдаумен айналысатынына қарамастан туристік қызметке қосымша құн салығы салынады.

Қазақстан туризм саласына SWOT талдау жүргізетін болсақ, МЖМ алаңы – яғни, Қазақстан матрицада көрсетілген мықты жақтарын қолданып, туып отырған мүмкіндіктерді жіберіп алмауы тиіс. ҚР туристік ел ретіндегі басқа елдерге қарағанда бәсекелестік артықшылығы геосаяси жағынан өте ыңғайлы жерде орналасуы, туристік рекреациялық зоналардың, ландшафтардың, флора мен фаунаның алуан түрлігі, саяси тұрақтылығы, ілгері экономикалық дамуы, территориясында тарихи ескерткіштердің мол болуы және Ұлы Жібек Жолының бойымен орналасуы болып табылады. Аталып кеткен мықты жақтар Қазақстанда туризм саласының үлкен потенциалы бар екеніне көзімізді жеткізеді және соның әсерінен еліміздің алдында бірқатар мүмкіндіктер туғызады. Олар SWOT матрицасында келтірілген. Енді біздің мақсатымыз аталған мықты жақтарды пайдаланып, туып отырған мүмкіндіктерді жүзеге асыруға қол жеткізетін стратегия бойынша туризм саласын дамыту. Яғни, дамыту дегеніміз саланың алдында тұрған бірқатар мәселелер тізбегін шешу. Бұл мәселелер біздің әлсіз жақтарымыз болып табылады. Олар да SWOT матрицасында өзінің орнын тапты және ӘЖМ алаңында мүмкіндіктермен қиылысады. Осы алаңның мағынасы – мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін әлсіз жақтарды жою керек. Сол мақсатта жүзеге асатын стратегиямен жұмыс істеуіміз қажет.

Сонымен қатар, туристік саланы мүлдем артқа қарай шегіндіріп тастай алатын бірқатар қауіптер де төніп тұр. Олар қатарына экология нашарлауы, саяси тұрақсыздық, экономикалық тұрақсыздық жатады. Аталған қауіптердің алдын алу үшін біз өзіміздің мықты жақтарымызды қолданып, олардың мүлдем көзін жоятын стратегия бойынша қызметті жүзеге асыру қажет. Бұл жағдай SWOT матрицасының МЖҚ алаңында туып отыр.

Туристік саланың төмен деңгейде болуының себептері мен оған төніп отырған қауіптері ӘЖҚ алаңында қиылысуда. Бұл алаңда біздің алдымызда тұрған мәселе - әлсіз жақтардан құтылу және қауіптерді әр қашанда қадағалау, өмірде өз көрінісін табуына жол бермеу. Сонда мықты жақтар әсерінен пайда болып отырған мүмкіндіктер жүзеге аысп, елімізге үлкен пайдасын әкелер еді.

Туристік кластер ядросы қызмет жабдықтаушылар болып табылады, басқа сөзбен айтқанда бұл шетел туристерін Қазақстанға шоғырландыру қызметтерін ұсынатын туристік агенттіктер. Қонақ үйлер, демалыс үйлері, көліук компаниялар да туристік бизнестің өте маңызды құраушылары болып табылады және туристік агенттіктермен ұсынылатын қызмет пекеттеріне енгізіледі.

Қызықтыру орындары туристік кластер картасының өте маңызды орнын алады, себебі олар тек туристер таңдауын ғана емес, сонымен қатар әрбір елдің ерекшеліктерін де көрсетеді.

Қазақстанның бәсекелестік артықшылығы өзгеше мәдениетінде (тарихи туризм), көркем жабайы табиғатында және спорттық туризм мен экстремалды туризм сияқты белсенді демалыс түрлерімен айналысуға мүмкіндіктің бар болуында жатыр.

Келушілер де туристік кластердің маңызды бөлігі, туристік кластер картасы тапсырыс берушінің қалауына байланысты өзгеріп отырады.

Туристік қызметтердің жанама жабдықтаушылары мейрамханалар мен туристердің қауіпсіздігімен айналысатын мекемелер. Қазіргі таңда аталған сектордың туристік агенттіктермен байланысы қажетті деңгейдік емес.

Туристік кластер дамуының қажетті құраушысының бірі білім беру мекемелері, салалық ассоциациялар және мемлекеттік мекемелер. Білім беру мекемелері туристік кластерге қажет мамандары даярлаумен шұғылданады.

Туризм индустриясын дамыту мақсатында біртұтас мемлекеттік саясат жасалған. Білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің туризм және спорт комитеті Республиканың заң базасына сүйеніп, 2030 жылға дейін саланың дамуының стратегиялық бағдарламасын және «Жібек жолының тарихи орталықтарын өркендету» мемлекеттік бағдарламасын жасады.

Елбасымыздың жолдауында ең бірінші мәселе болып туризм мәселесі қойылды. Бұл стратегияда туризмнің даму жолдары мен көздерін қарастырып, оның іске асуын қадағалау керектігі жазылады [5].

Қазақстан өзінің туристік өнімімен халықаралық нарыққа шыққанына көп уақыт болған жоқ. Сол себептен, қазақстандық туристік өнімі өмір сүру шеңберінде енгізу кезеңінде тұр. Бұл кезеңде маркетинг шараларын өте белсенді түрде қолдану керек, дәлірек айтсақ, туристік өнімі жайлы әлуетті туристерді ақпараттандыру деңгейін көтеру керек, яғни Қазақстан туризм үшін өте қолайлы жер деген ойды тұтынушылар санасында жайғастырып, туристік өнімнің имиджін құруымыз қажет. Ішкі туризмнің тұтынушылары болып табылатын республикамыздың азаматтарының да қазақстандық туристік өнім жайлы ақпараттану деңгейі жоғары емес. Қазіргі таңда алыс шетелге шығуға мүмкіндігі жоқ, бірақ көршілес елдерге туристік сапармен баруға жағдайлары келетін халық үлесі елеулі болып отыр. Осы тұтынушылардың өзіміздің туристік өнімізге қызығушылықтарын арттырып, тартып алуымызға қазіргі таңда өте қолайлы жағдай туып отыр. Көршілес мемлекеттерде саяси жағдайдың тұрақсыздығы біздің ішкі туризм көрсеткіштеріне оң әсерін тигізе алады. Сондықтан, қазіргі уақытта туристік ел ішінде белсенді түрде дәріптеуіміз қажет болады.

Сонымен қатар шетелдік партнерлар ақпатар көзі болуы мүмкін. Олар бәсекелестер жіберген туристік лектерілңкөлемі кандай екенін және олар қандай қаладан келгендігі, қандай қосымша қызметтермен пайдаланғандағы жайлы ақпарат беруі мүмкін.

Бәсекелестер туралы ақпарат жиналып, талданып есеп түрінде туристік фирма басшылығына беріледі. Өйткені, туристік фирмалардың мақсаты бәсекелестерге қарағанда жақсырақ жұмыс жасау болып табылады, олар бәсекелестерінің кемшіліктерін табу арқылы өзінің жұмыс ында оларды болдырмауға тырысуы қажет. Бәсекелестерге қатысты тур фирмалардың белгілі бір стратегия, бағалық саясат және маркетинг кешенінің бір құралы қолданылады [6].

Агенттік тораппен жұмыс жасау маркетинг бөлімінің маңызды мәселесі болып табылады. Агеттік торапқа турфирмамен келісім шартқа отырған барлық турагенттіктер, жеке кәсіпкерлер және ұйымдар кіреді. Маркетинг бөлімінің агенттік торапқа жауап беретін қызметкерлері агенттер туралы көрсеткіштер базасын жүргізуі тиіс.

Агенттік тораптың мүшелеріне турфирманың ұсынатын қызметтерінің пакеттері жіберіледі (каталогтар, брошюралар және олардың электрондық түрі т.б.). Агенттер барлық керекті ақпаратпен қамтылуы тиіс.

Сонымен қатар, маркетинг бөлімінің қызметкерлері агенттердің жұмысы нәтижелері туралы есеп жүргізіп отыруы тиіс.

Агенттік тораптың мүшелерінің жұмысын ынталандыру мақсатында бонустар жүйесі енгізілуі тиіс, әрбір жіберілген турист белгілі бір ұпай әкеледі. Ұпайлардың белгілі бір мөлшері бонустық жүйенің бірінші, екінші және үшінші орындарға шығуға мүмкіндік береді. Бұл коммисиондық марапаттаудың 3 деңгейін қарастыруға мүмкіндік береді. Төменгі деңгейдегі коммисиялық марапаттау 5 - 7 %, ең жоғары деңгейде - 10 - 12 %. Бонустарды санау және коммисиондық марапаттау мөлшерін орнату маркетингтік бөлімнің қызметіне кіруі керек.

Турөнімді жылжытудың негізгі құралының бірі болып, халықаралъқ көрмелер мен кездесулерге қатысу болып табылады. Олар турөнімге ғана емес және турфирмаға назар аударуға мүмкіндік береді. Маркетингтік бөлімнің мұндағы қызметі болып жатқан, болашақта болатын кәсіби көрмелер туралы ақпарат жинау болып табылады. Осыған байланысты екі стратегиялық бағыт орнатылады - біреуі әлуетті агенттерді бірге жұмыс істеуге тарту («ризһ») және екіншісі тұтынушыларға бағытталған («pull»). Кәсіби көрермендер көрменің үшін бірінші күн арналады [7].

Көрмеге турфирманың өнімін көрсететін жарнамалық материал дайындалады. Көрмеге дайындалу кезінде шетел тілдерінде визиттік карточкаларды қажетті көлемде дайындайы қажет. Ең негізгісі жарнамалық стендті жасауы қажет.

Туристік көрмелерге қатысудың екі мақсаты бар: 1) партнерлік байланыстарды және агенттік торапты кеңейту; 2) өзінің өнімдеріне түпкілікті тұтынушыларды тарту.

Стендте жұмыс істеу үшін турфирма ең көзге түсімді, әрі пысық қызметкерлерін қояды. Олар шетел тілдерін білуі қажет. Стенд - турфирманың қызметі жайлы толық мәлімет беретін витрина.

Туроператорлармен жұмыс істеуге агенттерді тартудың тағы бір құралы презентацияларды ұйымдастыру. Презентация кәсіби көрме жұмыс істеп жатқан күндері, аумақтардағы жаңа филиалдардың ашылуына байланысты немесе туристік мерзімнің ашылуымен байланысты ұйымдастырылады. Презентацияны ұйымдастырумен маркетинг бөлімі айналысады. Презентация салтанатты түрде мейрамханаларда, клубтарда жүргізіледі.

Ұйымдарға демеушілік көмек, Турфирмалар әртүрлі қоғамдық шараларда демеуші ролін атқаруы болады. Маркетинг бөлім елде, қалада қандай шаралар өтіп жатқандығын іздестіріп, ол жерлерге қатысу туралы шешім қабылдайды. Негізі қоғамдық өмірде мағызы бар және БАҚ - да үлкен резонанс алатын оқиғаларға демушілік жасайды.

Оперативті маркетинг. Турфирманың маркетингтік бөлімі агенттік торап арқылы және Интернет жүйесі арқылы жүргізілетін барлық сатулардың мониторингін жүргізеді. Сатулардың жүргізілуінің бағытын бақылау мақсатында есеп беру бланктары жасалады [7].

Жарнамалық қызмет. Турфирманың жарнамалық қызметін жүргізудің негізгі бағыттары болып жарнамалық стратегияны және медиажоспар жасау, медиажоспардың орындалуын бақылау, БАҚ - да жарнаманы ұйымдастыру, каталогтар жасау, пресс - конференцияларды жүргізу және т.б. жарнамалық әрекеттер.

Шетелде турөнімнің жарнамасымен тек турфирмалар ғана емес, сонымен қатар, федералды және жергілікті құрылымдар, қонақ үйлер, театрлар, мұражайлар, тематикалық парктер, мейрамханалар және басқалар. Мысалы, Голландиядағы қызғалдақтардың өскендері жайлы БАҚ - ғы күшті жарнама арқылы білуге болады. Аты әйгілі Кекенхоф өзінің ғажайып гүлдері бар брошюраларын элемнің түпкір - түпкіріне жібереді. Бұл брошюраларда парктың тарихы туралы, қандай көлікпен ол жерге жетуге болатындығы және бағаларының қандай екендігі туралы толық ақпарат бар. Қазіргі кездегі турфирманың қызметі нарықтық ортада жүргізіледі. Сұраныс пен ұсыныс қаңдары, еркін бәсекелестік турфирманы нарықтық ойынға бас ұруға әкеледі. Маркетинг фирмаішілік және сыртқы орта шындығымен байланыстыратын механизм болып табылады. Ол нарықтың конънктурасы, нарықтағы бәсекелестер, туристік лектерің бағыттары, туристік өнімнің өзгеруі, тұтынушылардың талғамы мен көзқарасының өзгерісі жайлы ақпапарат береді .

Туристік аймақтың тартымдылығын анықтайтын факторларға келесілерді жатқызуға болады: 1) аймақтың қолайлығы; 2) табиғаты және климаты; 3) келушілерге тұрғылықты халықтың қатынасы; 4) аймақтың инфрақұрылымы; 5) бөлшек сауда жағдайы; 6) баға деңгейі; 7) спорттық және білім беру мүмкіншіліктері; 8) мәдени және әлеуметтік сипаттар.

Сондай - ақ, туристердің ағымының төмендеуіне әсер ететін басқа да мәселелер бар:

1 виза мәселелерімен байланысты қиыншылықтар. Визасыз кіріп – шығуға болатын елдер елдер бар. Біз үшін осындай әкімшілік рәсімнің жеңілдеуі өте маңызды.

2 Қазақстан Республикасының туризм агенттігі «Hot Lіne» құру ісімен айналысуда. Егер турист кез - келген аймақта туристік сапармен жүрген кезде төтенше жағдай болса, арнайы жүйе арқылы қажетті көмек жөнінде ақпарат беруге мүмкіндік туады. Бұл әрине мәселенің ұшығуының алдын алады.

3 тұрақты негіздегі авиарейстің жеткіліксіздігі

4 көрсетілген қызметтердің бағасының деңгейін олардың сапасына сай болмауы (орналастыру, тамақтану, көлікпен қамтамасыз ету және т.б.

5 салық саясаты туризмнің дамуына кедергі жасайды, фирма туристерді жіберу немесе қабылдаумен айналыстынына қарамастан туристік қызметке қосымша құн салығы салынады.

6 Туризм саласы дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей тек шетелдік туристерді қабылдайтын туристік фирмалар ғана ел экономикасына пайда әкеледі [8].

Қазақстан Республикасында кәсіпорындардың жұмыс жасауына, туризмнің дамуына әр түрлі себептерін ашып көрсетілді.Сонымен қатар жарнаманың орны ерекше екенінде ұмытпаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рекламное агентство. [электронық ресурс] - 2012. URL: http://www.semstar.com/almaty/330.html (дата обращения 02.02.2017).

***2.** Маркетинг в туризме [электронық ресурс] - 2012. URL: http://tourlib.net/books_tourism/papiran.htm (дата обращения 02.02.2017).*
3. Безрутченко Ю.В. Маркетинг в социально-культурном сервисе и туризме: Учебное пособие, 2-е изд.(изд:2) / Ю.В. Безрутченко. - М.: ИТК Дашков и К, 2016. - 232 с.
4. Абабков Ю.Н. Маркетинг в туризме: Учебник / Ю.Н. Абабков, М.Ю. Абабкова, И.Г. Филиппова; Под ред. проф. Е.И. Багданова. - М.: ИНФРА-М, 2012. - 214 с.
5. Дурович А.П. Маркетинг в туризме: Учебное пособие / А.П. Дурович. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2012. - 316 с.
6. Котлер Ф. Маркетинг. [электронық ресурс] – 2010. URL: www.marketing.by/../0034347/ (дата обращения 1.02.2017)
7. Бутко И.И. Маркетинг в туризме: Учебное пособие, 2-е изд. / И.И. Бутко, В.А. Ситников, Е.А. Ситников. - М.: ИТК Дашков и К, 2014. - 416 с.
8. Есімжанова С.Р. Маркетинг. Оқулық. / С.Р Есімжанова– Алматы: Эко-баспасы, 2005. – 255с

УДК 339.138 (574)
МРНТИ 06.71.51

А.С.Смагулов[1]
Н.С. Мойтапова[1]

[1] *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті* **,** *Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада нарықтық экономикада маркетингтің рөлі, яғни кәсіпорындағы маркетингтің рөлін және Қазақстан Республикасының қызмет көрсету саласындағы маркетингтік зерттеулерді талдау, маркетингті қалай ұйымдастыру мен жоспарлау керек екендігін қарастырылған, сондай ақ кәсіпорындағы маркетингтік қызметті ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасындағы маркетингтің қызметін ашу, атқаратын қызметін талдау, маркетингке әсер ету бағыттары мен әдістерінің жиынтығын біріктіретін маркетинг кешенін әзірлеуді талдап қарастырылған. «Қазпочта» Акционерлік қоғамының құрылымын, оның нарықтағы рөлі мен ерекшеліктері, сонымен қатар қызмет көрсету саласын дамытудағы басты жолдары және Қазақстандағы қызмет көрсетуді дамытуға әсер ететін негізгі эканомикалық факторлары көрсетілген.Тұтынушылардың қажеттіліктерін білу жолдары,«Қазпочта» Акционерлік қоғамының маркетинг қызметін ұйымдастыруды жетілдіру, маркетингтік ортасын әзірлеуоның нарықтық мүмкіндіктерін талдауды анықтайтын факторлар айқын анықталған.

Түйін сөздер: Нарықтық конъюнктура, маркетинг, ақпараттық – консалтинг, сауда-делдал,бәсекеге қабілеттілік,экономиканың дамуы.

А.С.Смагулов[1]
Н.С. Мойтапова[1]
[1] *Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая ,г.Алматы, Казахстан*

ОРГАНИЗАЦИЯ МАРКЕТИНГОВЫХ УСЛУГ В СФЕРЕ УСЛУГ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация

На сегодняшний день, сфера услуг в нашей стране по интенсивности роста по количеству возникновения новых услуг рынка потребителей, их нужд и опережает по адаптации производственной сферы.. В статье рассматриваются вопросы организации маркетинговых услуг в сфере услуг, роль маркетинга в Республики Казахстан. Обзор структуры АО «Қазпочта», его роли и особенности на рынке. Подготовка маркетинговой среды и определение рыночных возможностей предпринимательства в сфере услуг. А также, анализ спроса оказываемых услуг, прогноз возможных изменении и подготовка целевого рынка. В связи с этим для разработки политики и стратегии обслуживания предприятий сферы услуг возрастает роль маркетинга услуг как инструмента реализации услуг.

Анализ подготовки маркетингового комплекса, который объединяет направлении и методы маркетингового влияния.

Ключевые слова: рыночная конъюнктура, маркетинг, информационный консалтинг, торговый посредник, конкурентноспособность, развитие экономики

Smagulov A.S.[1]
Moytapova N.S.[1]
[1]*Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

ORGANIZATION OF MARKETING SERVICES IN THE FIELD OF SERVICES OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.

Abstract

Today,the service sector in our country in growth rate, the number of the emergence of new service industry market customers and their needs in adapting overtaking on.The paper deals with the organization of marketing services in the field of services, the role of marketing in the Republic of Kazakhstan. Overview of the structure of Joint stock company «Қazpochta», its role and features on the market. Preparation of marketing environment and the definition of market opportunities in the service business. Also, analysis of the demand of services, forecast possible changes and preparation of the target market.

Analysis of the training of the marketing mix that combines the direction and methods of marketing influence.

Keywords: market conjuncture,marketing, information consulting, reseller, competitiveness, economic development

Маркетингтік қызметті ұйымдастыру кәсіпорындағы қызмет көрсету саласы мен оның ішкі ұйымдастырушылық жағдайына байланысты болады. Кәсіпорынның маркетингтік қызметін ұйымдастырудың басы ерекшеліктері ол – еңбастысы кәсіпорынның маркетингтік қызметтерінің өте жақсы ұйымдасқандығы. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде маркетинг кәсіпорынның нарықтық және өндірістік стратегиясын анықтайтын басқарудың басты пердесі ретінде қаралады. Осы жағдайға байланысты ол нақты тұтынушылардың, нақты зерттеу мен болжау негізінде мол табыс табуға, сыртқы шығарушы кәсіпорынның ішкі және сыртқы нарықтың қазіргі жағдайын және оның болашағын білуге бағытталады. Сонымен бірге, кәсіпорынның маркетинг бәсекелесін зерттеу, баға саясатын қамтамассыз ету, өнім өткізу мен жарнамалауды ынталандыру, тауарларды өткізуді тиімді ұйымдастыруды жолға қою сияқты тағы басқа да шаралар жатады.

Дүниежүзінде қызмет көрсету саласы экономиканың ең жылдам дамушыларының бірі болып табылады. Өсу қарқыны бойынша және қызметтердің жаңа түрлерінің пайда болуы бойынша — экономиканың бұл саласы өндірістік саланы басып озуда, осығанорай қызмет көрсету саласы – жұмыс істеу тағайындалуы осы қоғамдық өндіріс жүйесінде, өндірісте және қызметтерді өткізумен қатар халыққа жағдай жасаумен көрсетілетін қызметтің салаларыаясы мен түрлерінің жиынтығын көрсетеді [1].

Қазақстан Республикасындағы қызметтер саласының жылдам дамуы 1990 жылдары бастау алған. Қызмет көрсету саласының индустриалды дамыған елдердегі олардың күйімен салыстырғанда

қалыс қалатынына қарамастан, соңғы онжылдық ішінде қызмет көрсету саласы экономиканың дербес секторына айналды.

Бүгінгі таңда қызмет көрсету саласы дамыған елдер экономикасындағы тез дамып келе жатқан секторлардың бірі. Индустриалды дамыған елдердің жалпы ұлттық өнімінде қызмет көрсету үлесі 2/3-тен 3/4-ке дейін жетеді. АҚШ-тағы бұл сала болжам бойынша жақын жылдары барлық жаңа жұмыс орындарының 90%-ын қамтамасыз ету керек.

Қазақстанда қызмет көрсетудің жаңа түрлері пайда болып, осы сектор үдемелі қалыптасуда. Олардың ішінде, ең дамығандары сауда,делдалдық, ақпараттық-консалтингтік, қонақүйлік, туристік, банктік, сақтандырушылық, зейнеткерлік және дәстүрлі емес әлеуметтік сипаттағы қызметтер болып табылады.

Қазақстан экономикасындағы қызметтердің келешегі шағын және орта бизнестің, қоғамдық тамақтану мен қонақ үй шаруашылығы саласындағы бірлескен кәсіпкерліктің, делдал-коммерциялық қызмет, көтерме және бөлшек сауданың жаңа нышандарының, халықаралық туризмнің дамуына байланысты. Осыған орай, қызмет секторы кәсіпорындарының саясаты мен стратегиясын әзірлеп, іс жүзіне асыру құралы ретінде қызмет көрсету маркетингінің рөлі арта түсуде.

Қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы және осы нарықтағы бәсекелестіктің өршуі қызмет көрсету маркетингінің пайдаболуына әкеп соғады. Оның тәсілдері мен әдістері, қағидалары тауарлар маркетингімен ұқсас болғанымен, кейбір айырмашылықтары да бар. Мәдени ортаның факторлары қызмет көрсету аясында көптеген проблемаларды туғызуға қабілетті. Мәдени айырмашылықты бағаламау, мысалы, АҚШ пен Франция арасындағы, өз уақытында Уолт Дисней компаниясы үшін проблема болып табылды.

Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары үшін нарықтық экономикаға өту стратегиялық міндет болып нарықтағы тұрақтылықты сақтау болып табылады. Қазіргі халыққа қызмет көрсету кәсіпорындарымен қоса оларға бәсекелестік жасайтын, қызмет көлемін өсіретін жаңа қызметтер кәсіпорындарының қалыптасуы өте маңызды.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасындағы қызмет көрсету саласының даму мүмкіндіктері мен келешектерін қарастырамыз.

1. Ақылы қызмет жүйесінің қарқынды дамуын атап өту керек. Ақылы қызмет көрсетудің беталысының күшеюі байқалады және онда денсаулық сақтаудың, білімнің, мәдениеттің, өнердің, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен байланыстың қызметінің үлесі артты.

2.Шаруашылықты жүргізудің нарықтық жүйесінің қалыптасу жағдайларында, байланыстырушы буын ретінде, сауданың рөлі артады. Осы саладағы тауар айналымының, нарықтың тауарлармен толығуымен және халықтың сатып алу қабілеттілігінің құдырауы, өсу қарқынының азаюына қарамастан, шаруашылықтың бұл саласындағы келешегі зор болады және маңызды мүмкіндіктерге ие.

3. Статистикалық деректерді талдаулар негізінде, демалыстың жан-жақты дамыған индустриясын жасау есебінен санаториялық-курорттық қызмет көлемінің өсуінің маңызды келешегі туралы қорытынды жасауға болады.

4. Көрсетілетін қызметтер құрылымында радикалдық ығысулар өтуде. Шешімдер қабылдауда және кәсіпкерлік тәуекелдікті төмендету үшін ақпаратты қажетсінудің артуымен, ақпараттық және кеңес беруші қызметтердің үлесі жоғарылайды.

5. Ары қарай кеңею, жаңа қажетсінулердің пайда болуы және жұмысшы күшін өндірістік сектордан босату оның қызмет көрсету секторының ағылуына жағдай жасайды, ол елдің экономикасындағы қызмет көрсету саласының үлесін кеңейтеді [2].

Маркетинг қызметі — бұл тапсырыс берушілердің мұқтаждары мен қажетсінулерін айқындауға бағытталған, қызметтерді әзірлеу, жылжыту және өткізу процесі. Ол тұтынушыларға кәсіпорын қызметін бағалауға және дұрыс таңдау жасауға көмекке береді.

Қызмет нарығы басқа нарықтарға ұқсас. Қызмет нарығының тауарлар нарығынан айырмашылығы қызмет ерекшеліктерімен шартталады: олардың сезілмейтіндігі, сақтауға жарамсыздығы, өндірістің және тұтынудың үздіксіздігі.Қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпкерлер үшін, тиімді маркетингті жүзеге асыру үшін олардың дербестігін ескере отырып, қызметтің табиғаты мен мәнін түсіну керек.

Қазақстан Республикасының қызмет көрсету саласындағы маркетингтік қызметті ұйымдастыру барысында «Қазпочта» АҚ кәсіпорнын мысалға алсақ болады [3].

Кәсіпорын болашақта өзінің қызмет салаларының жетілуі үшін әр түрлі шетелдік техникамен техналогиялардың көмегіне жүгініп отыр. Кәсіпорын өзін нарықта бірінші орында ұстауы, ол тек кәсіпорынға ғана байланысты емес, яғни білікті мамандардың да болуы. «Қазпочта» АҚ өз қызметін атқару барысында қызметкерлердің қауіпсіздігін де қамтамассыз етіп отырады. Кәсіпорынның маркетингтік қызметін ұйымдастырудың жетілдіру бағыттары, ол почта, банктік қызмет нарығында өзінің жетік қызмет көрсету және ерекше стратегиялық жоспарымен алға ұмтылуы. Әмбебап почта қызметі,бүкіл әлемдегі адамдар арасында тиімді байланыс жасау мақсатында әмбебап қызметінің бағасы бойынша сапалы әрі қол жетімді жаппай байланыс ұйымдастыруы. Қызмет сапасы және почта желісінің тиімділігі, клиенттерге сенімді және қол жетерлік почта қызметін көрсету үшін оның қауіпсіздігін қамтамассыз ету кезінде халықаралық почта желісінің сапасын жақсарту және тиімділік деңгейін көтеру. Нарық және нарықтарды терең зерттеу және оардың дамуына жәрдемдесу жолымен клиенттердің сұранысын қанағаттандыру.

Қазпочта почталық қызметпен қатар почтаның пайдалылығын және тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын көтеруге мүмкіндік берген қаржылық қызметтерді көрсетеді. Қазпочта Банк қызметін (несие беруден басқа), оған қоса брокерлік және дилерлік қызмет көрсетуге берілген, ҚР Ұлттық банкінің лицензиясы негізінде өз клиенттеріне көрсететін қызмет түрлерін едәуір кеңейтті.

Қазақстан почтасы өз қызметінде логистикалық құрамды үлкен тірек етуді жоспарлап отыр. Сонымен қазіргі почта хаттарды, жүктерді, ақпараттық және қаржылық ағындарды жеткізу сияқты функцияларды ойдағыдай іске асырып келеді.

«Қазпочта» АҚ маркетингтік қызметтерінің бірі, Курьерлік, қаржылық және почта нарығындағы маркетингтік зерттеулер. Маркетингтік зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасындағы болашағы үлкен бизнесті бағалау арқылы Қазақстандағы курьерлік, қаржылық және почта нарығын қарастырып өту.

Зерттеу барысында эксперттік сұрау әдісі ұйымдастырылған және жүргізілген, қоғамдық тұтынушылардан, бәсекелестерден және тұрғындардан анкета алу әдісін қолданады. Ақпараттарды жинау, екінші ретті мәліметті жинау, берілген статистикалық мәліметтер(дұрыс сандық ипаттамалар) нарықта зерттелді.

Сондай-ақ, жай болжанатын таңдау сертификациясында қолданған. Негізгі таңдауға респонденттердің географиялық орнын анықтау көмектесті [4].

4159 респонденттер санының көбі почталық қызмет, бандерольдарды және жіберулер, үлкен көлемдегі жүктер, қаржылық қызметтер туралы Қазақстан Республикасының аумағында қолданысқа түсетін жеке және заңды тұлғалардың қолданатыны жөнінде сұралған.



Сурет1 – «Қазпочта» АҚ-ның курьерлік, қаржылық және почта нарығынның негізгі көрсеткіштері

Бұл суретте жеке және заңды тұлғалардыңжасалған қызмет әсерлері қарастырылған. Ең көп өсу аймағы жеке тұлғаларға бөлімшелердің клиенттері арқылы қызмет көрсетудің жоғарғы нәтижесін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының банктік заңнамасы қарастыратын операцияларды жүзеге асыру лицензиясы, сонымен қатар бағалы қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шотын басқару құқығымен брокерлік-дилерлік қызмет ету және трансфер-агенттік қызмет лицензияларына сәйкес «Қазпочта» АҚ кең ауқымда қаржылық қызмет көрсетуді жүзеге асырады:

- депозиттер;
- заңды тұлғалар / жеке тұлғаларға банктік шот ашу және жүргізу;
- ақшааударымдары;
- банкноттар, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау және жіберу;
- бюджеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы мен басқа да төлемдерді төлеу;
- зейнетақы, жәрдемақы және өзге әлеуметтік төлемдер төлеу;
- салық және басқада төлемдерді қабылдау;
- коммуналдық төлемдерді қабылдау;
- төлем карточкалары қызметін көрсету;
- валютаны сату / сатып алу операциялары бойынша (Қазақстан Республикасы валютасы, еркін конверттелетін және жұмсақ валюталар);
- қолма-қол шетел валютасымен байланысты айырбас операцияларын ақшаны клиентке жеткізуге дейін ұйымдастыру;
- нарыққа ақша тарту мен орналастыру;
- құнды қағаздарды номиналды ұстау мен брокерлік қызмет көрсету бойынша қызмет крсету;
- трансфер-агенттік қызметтер.



Сурет 2– «Қазпочта» АҚ – ң нарықтағы үлесі

Бұл суретте Қазпочтаның алатын үлесі – 97,7%, Экспо – 0,8 %, ABILITY GROUP - 0,8 %, Universal Exspress Service - 0,4 %, Сұлтан Логистикасы - 0,2 %, KAZEXPRESS LTD - 0,2 % болып отыр.

Қазпочтаның маркетингтік бөлімшесі өз ісінің маманы болып табылады. Кәсіпорындағы маркетинг бөлімшесі күнделікті тұтынушылармен жұмыс жасап, олардан анкета, сұрақ-жауап алып кәсіпорынның белгілі кемшіліктері мен жетістіктерін бағалайды. «Қазпочта» АҚ маркетингтік орталығы өте тығыз байланысқан бір жүйе, кәсіпорын өз жұмысымен табысын арттыру үшін алдын ала болжам жасап, дүние жүзілік дағдарыстан құтылудың болжамдарын жасаған. Қазіргі кезде

«Қазпочта» АҚ алға жылжу мақсатымен, өзінің бәсекелестері ортасында және де бірнеше шет елдік бәсекелестерінің де алдын алуда.

Кесте 1 - «Қазпочта» АҚ-ның 2012-2015жж. банк атқаратын қызмет түрлерінің қаржылық көрсеткіштерінің нарықтағы үлесі %-бен

№	Қызметтің аты	2012	2015
1	Депозиттер	0,4	0,6
2	Коммуналдық қызмет төлемдері	25	27
3	Салықтық төлемдер	25,2	27
4	Жалақыны төлеу	4,3	4,4
5	Зейнетақы мен жәрдемақыларды төлеу	49	53
6	Шығарылған карточкалардың көлемі	0,3	0,5

Кесте2- «Қазпочта» АҚ-ның 2012-2015жж. почталық қызметтердің нарықтағы лесі %

№	Қызметтің аты	2012	2015
1	Хаттық корреспонденция	99	99
2	Кезекті басылымдар	97	97
3	Жіберулер (посылкалар)	95,1	98,5
4	EMS-қызметтері	14,3	20

Осы берілген екі кестеге тоқтала кетсек, «Қазпочта» АҚ маркетингтік ортасы тек осымен ғана шектеліп қоймайды. Кәсіпорында көптеген қызмет түрі кездеседі,соған байланысты «Қазпочта» АҚ өзінің қызметкерлерінің сапалы жұмыс істеуіне қажетті жағдайларымен қамтамассыз еткен. Осы портфельдік анализ – кәсіпорынның өсу қарқынының және әрбір қызмет көлемін бизнес бағытқа өзгерту туралы қаржылық көмек беру портфелдік қызмет шегінде көрсетілді.

«Қазпочта» АҚ маркетингтік қызметін ұйымдастырудың стратегиялық жоспары бойынша,компанияның бюджетін дайындау. Ал бюджеттік қызметті бюджеттік комитет басқармасы шешеді. Бюджеттік комитетте кәсіпорынның қаржылық саясатын реттеу және іске асыру мақсатында құрылады. Негізінде ең керекті тапсырмаларды және басқа да бюджетке байланысты мәліметтерді өңдеу және іске асырумен айналысады.



Сурет 3 – «Қазпочта» АҚ-ның қызмет салаларының көрсеткіштері

Берілген суретте «Қазпочта» АҚ-ның қызмет көрсету салаларына байланысты ең төменгі шығындар көрсеткіші. Бұл суретте млн.теңгемен есептелген. Компания даму стратегиясын мақсат етіп, келешекте Қазақстанның почта қызметі нарығында өз орнын ұстана бермекші [5].

Жоғарыда айтылғандай, кәсіпорынның маркетингтік қызметін ұйымдастырудың маңыздылығы,оның компанияға маркетингтік әдіс-тәсілдермен нарықтық экономика жағдайында тұрақтылықты сақтай отырып,кәсіпорынның табыстылығын жоғары дәрежеге жеткізуі. Алайда, бұл кәсіпорынның маркетингтік қызметінің ұйымдастырылмауынан және маркетингтік қызметтердің жартылай маңызды бағаланбауы, жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігінің әсерінен.

Кәсіпорынның маркетинг бөлімінде қарапайым өтімділік бөлімдердің өзгертулері көзге көрінбейді, сондықтан да қызметкерлер үшін біліктіліктің маңызы болмай қалған. Кәсіпорын әрқашанда бағалардың арақатынасын, сапаны, қызмет пен нарықта сату көлемін, қандай тенденциялар мен сыйымдылықты, бәсекелестердің іс әрекетін және де көптеген мәліметтерді жинап, өңдеп, шешім қабылдап, ұтымдылықты жоғарылатып, кәсіпорынның ішкі және сыртқы нарығын қатаң қадағалап отырады.Осы мәліметтерді өңдеп, сараптама жасаудың арқасында қызметкерлер мен клиенттер арасындағы қарым қатынасты жақсартып, нарықтағы үлкен сұранысқа ие болып отыр. Кәсіпорындағы маркетингтік қызметті ұйымдастыру үлкен маңызды жұмыстардың бірі,өйткені маркетингтің өзі бірнеше салалар мен бөлімдерден тұрады. Сондықтанмаркетингтің ұйымдастыру қызметі – маркетинг бойынша өздеріне жүктелген қызметтерді орындайтын бөлімдер мен бөлімшелердің жиынтығы.Маркетингті ұйымдастырудың әр түрліформалары бар,оларды таңдауға кәсіпорын мақсаттары, ресурстары, басқарудың қалыптасқан құрылымы, өндірілген өнімніңнарықтық және маркетингтік ортаның ерекшеліктері сияқты маңызды факторлар әсер етеді.

Кәсіпорынның маркетингтік қызметін ұйымдастырудың маңыздылығы қысқаша айтқанда, ол ең бастысы кәсіпорын маркетингтік әдіс тәсілдерді дұрыс қолданып, сапалы жұмыс жасауы. Маркетинг негізінде, бір-бірін толықтыратын тәсілдемелер жиынтығы, яғни жан-жақты нарықты зерттеу, нарыққа белсенді ықпал ету, қажеттілікті және тұтынушының артықшылығын қалыптастыру. Өндіруші мен тұтынушыны байланыстыру және олардың бір-бірін табуға жәрдемдесу,бұл кез келген маркетинг қызметінің басты мақсатына жатады.

Маркетинг саласындағы танымал мамандардың бірі П.Друкер «Маркетинг маманын өндіріс циклінің соңына емес, басына қою керек, маркетинг бизнестің әр кезеңінде бірігіп, кірісуі қажет» деп айтқан. Сол сияқты кәсіпорынның маркетингтік қызметін ұйымдастырудың маңызы да осында, кәсіпорында жаңа тауарды шығарудан бастап, тұтынушыға өткізуге дейінгі барлық маркетинг кешенінің функцияларын орындайтын маркетингті басқару құрылымын құру қажет. Бұл құрылым кәсіпорын қызметінің тиімділігіне бағытталып, ары қарай қарқынды дамуына жағдай жасауы тиіс. Қазақстандық бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындардың маркетингтік қызметін талдау барысында олардың негізінен жедел маркетингті қолданатынын көрсетті. Бұл – нақты нарықтық жағдайда маркетинг құралдарын басқару, фирманың тауар, баға, өткізумен қатар коммуникация саясатын ұйымдастыру.

Қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы және осы нарықтағы бәсекелестіктің өршуі қызмет көрсету маркетингінің пайдаболуына әкелді. Оның тәсілдері мен әдістері, қағидалары тауар маркетингімен ұқсас болғанымен кейбір айырмашылықтары да бар.

Қазақстан экономикасындағы қызметтердің келешегі шағын және орта бизнестің, қоғамдық тамақтану мен қонақ үй шаруашылығы саласындағы бірлескен кәсіпкерліктің, делдал-коммерциялық қызмет, көтерме және бөлшек сауданың жаңа нышандарының, халықаралық туризмнің дамуына байланысты. Қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы және осы нарықтағы бәсекелестіктің өршуі қызмет көрсету маркетингінің пайдаболуына әкелді.

Маркетингтің Қазақстандағы дамуы жалпы әлемдік тенденцияларға сәйкес, ол әсіресе, оның коммерциялық емес өрісте қалыптасуымен айқындалады. Коммерциялық емес ұйымдарға – мемлекеттік, аймақтық, муниципалды мекемелер, қоғамның құқық қорғау, денсаулық сақтау, ағарту, білім беру, ғылым және мәдениет аумағындағы қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және клиенттерді өздеріне үйіруге ұмтылатын мекемелер жатады.

Міне, қысқаша айтар болсақ «Қазпочта» АҚ үлкен тарихы, жетістіктері, құлдыраулары, қайта көтерілулері осындай. Менің ойым бойынша Қазақстан нарығында «Қазпочта» АҚ монополист деп айтар едім,өйткені бұл кәсіпорын басқа компанияларға қарағанда көптеген қызмет салаларын дамытып, өзінің қызметтерінің сапалы болуын және де үлкен сұранысқа ие екендерін дәлелдеді.

Қорытындылай келе, тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығы кәсіпорындағы маркетингтік қызметті ұйымдастыру, сондай-ақ «Қазпочта» АҚ-ның мысалға келтіре отырып, маркетингтің

қызметі мен оны қалай ұйымдастыруға болатындығын әр түрлі мәліметтермен және өз мысалдарымды ала отырып толықтырдым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С. Н. Нысанбаев, Г. А. Садыханова. Маркетинг негіздері: оқулық / С. Н. Нысанбаев, Г. А. Садыханова. - Алматы :Қазақуниверситеті, 2002. - 200 б.
2. С. Сатыбалдыұлы. Маркетинг және менеджмент негіздері: оқулық / С. Сатыбалдыұлы. - 2-ші бас. - Астана : Фолиант баспасы, 2011. - 320 с.
3.Электронды жүйеден алынған мәлімет www.kkb.kz*. [Электрон.ресурс] – 2015. – URL: http://www.qazkom.kz/ (дата обращения: 07.03.2017)*
4. С. Р. Есімжанова Маркетинг: оқу құралы / Есімжанова С. Р. - 2-ші бас. толық. өңделген. - Алматы : ЭКО Баспа үйі, 2005. - 448 с.
5.«Қазпочта» АҚ – ң маркетинг бөлімінің мәліметтеррі [электрондық ресурс]. URL https://post.kz/info/7/o-kompanii/cat/7/o-nas *(өтініш берілген күн 20.01.2017)*

УДК 658,5; 658.012.2
МРНТИ 06.81.12

А.С.Смагулов[1]
Д.А. Кунболатов [1]

[1]Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,
Алматы қ., Қазақстан

КӘСІПОРЫНДАРДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі «тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі» түсінігімен салыстырғанда күрделірек және жалпылай түсінікте болып табылады. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі – белгілі бір кезең ішінде кәсіпорын қызметінің соңғы қол жеткізген нәтижесін бағалау көмегімен анықталатын интегралдық сандық сипаттама. Бұл элементтер жүйесі болып табылады және оның әрқасысы белгілі бір затты бағалаудағы сандық (мысалы, баллдық) көрініске ие. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі әр түрлі жүзеге асыратын қызметтерден артықшылықтары бойынша негізгі бәсекелестермен салыстыру есебімен жүзеге асырылады. Атап айтқанда: экономикалық, қаржылық, инвестициялық, кадрлық, имидждік және т.б.

Кәсіпорын қызметін дамыту мен оның тиімді, сенімді өнім өндіруін қалыптастырудың басты шарты болып оның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мен қолдау табылады. Кәсіпорынның өнім мен қызмет көрсету сапасын арттыру әр кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің артықшылығымен ерекшеленеді.

Тәжірибеде баға мен жоспарлау кәсіпорынның көрсететін қызметі оның шығаратын тауарының сапасы бәсекегеқабілеттілік деңгейімен анықталады. Бұл түсініктер бір-бірімен тікелей байланысты болып, бір-бірін толықтырып отырса да, басқару механизмі әр түрлі мәнге ие.

Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үш деңгейді қамтиды: жедел, тактикалық және стратегиялық.

*Түйін сөздер***:** бәсеке, нарық, бәсеке қабілеттілік, фирма, элемент, баға, сапа, жарнама.

А.С.Смагулов[1]
Д. А. Кунболатов [1]
[1] Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ

Аннотация

Конкурентоспособность предприятия является более сложным и обобщающим понятием по сравнению с понятием «конкурентоспособности товара». Конкурентоспособность предприятия-интегральная числовая характеристика, с помощью которой оцениваются достигнутые предприятием конечные результаты его деятельности в течение определенного периода. Это система элементов, каждый из которых предназначен для отражения числовой (например, балльной) оценки определенного вида потенциала**.** Конкурентоспособность предприятия обеспечивается за счет приобретаемых им разного рода преимуществ по сравнению с основными конкурентами, а именно: экономических, финансовых, инвестиционных, кадровых, имиджевых и т.п.

Основным условием эффективного и надёжного сбыта продукции и услуг предприятия в перспективе является формирование и поддержание его конкурентоспособности, выпуск продукции и услуг, обладающих конкурентными преимуществами.

В практике оценки и планирования следует различать конкурентоспособность товаров и услуг и конкурентоспособность предприятия. Хотя эти понятия тесно связаны и взаимодополняют друг друга, тем не менее механизмы управления имеют различия, что предопределяет дифференцированный подход к их планированию.

Обеспечение конкурентоспособности организации предполагает три уровня: оперативный, тактический и стратегический.

*Ключевые слова***:** конкурент, рынок, конкурентоспособность, фирма, элемент, оценка, качество, реклама.

Smagulov A.S[1]
Kunbolatov Doszhan[1]

[1]*Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

WAYS TO IMPROVE THE COMPETITIVENESS OF ENTERPRISES

Abstract

The competitiveness of companies is more complex and generalizing the concept than the concept of "competitiveness of the goods." The competitiveness of the enterprise-integrated numerical characteristic by which estimated now reached the final results of its operations for a certain period. It is a system of elements, each of which is designed to reflect the numeric (eg, point) assess a certain kind of building. The competitiveness of enterprises is provided by various kinds of purchased them advantages in comparison with the main competitors, namely economic, financial, investment, human, image, etc.

The basic condition for an effective and reliable marketing of products and services of the enterprise in the long term is to develop and maintain its competitiveness, the release of the products and services that have a competitive advantage.

In practice, assessment and planning is necessary to distinguish the competitiveness of goods and services and the competitiveness of enterprises. Although these concepts are closely related and complement each other, however the control mechanisms are different, which determines a differentiated approach to their planning.

Ensuring the competitiveness of the organization involves three levels: operational, tactical and strategic.

Keywords: competitor, market, competitive, company, element, evaluation, quality, advertising.

Егеменді ел болып, тәуелсіздігімізді алып нарықтық экономикаға көшуімізге байланысты ел экономикасы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Әсіресе еліміздің экономикалық өміріндегі шаруашылық қатынастар жүйесіндегі терең әрі ауқымды өзгерістер көрініп, еркін бәсеке, бәсеке қабілеттілік, еркін сауда, жеке меншік билігі т.б. осы секілді ұғымдар ене бастады. Ал өз кезегінде

ұйымдық-құқықтық формалардың яғни әртүрлі шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс жасауы, қызмет көрсетуі, өнім өндіруі – бәсеке және бәсеке қабілеттілік ұйымдарын одан әрі өрбіте түсті.

Жоғары тұрақсыз және сыртқы орта факторларының анықталмағандық жағдайында ұзақ мерзімдік перспективада кәсіпорынның әрі қарай гүлденіп, өркен жаюының кепілдігін қамтамасыз ететін бәсеке қабілеттілік пен бәсеке қабілетті басқару жүйесі, сондай-ақ бәсеке қабілетті стратегия тиімді басқарудың мақсатты құралы ретінде әртүрлі функционалдық бағыттағы және әртүрлі бизнес аясында жұмыс істейтін, тауарлар өндіріп, қызмет көрсететін ұйымдар үшін әсіресе өзекті болып отыр.

Қазіргі кезде көптеген кәсіпорындар үшін кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін арттыру ең негізгі мәселе болғандықтан көпшілік тарапынан осы бір мәселеге көп көңіл аударуда. Ол сату нарықтары, өткізу көлемдері, қосымша табысты табуды көздейтін өндірушілердің экономикалық стратегияларының басты ажырамас құралына айналды. Осыған сәйкес кәсіпорындар әрі шығарылатын өнімдердің бағаларын төмендету арқылы әрі нарықта бар өнімдерден сапалық көрсеткіштері жағынан ерекшеленетін өнімдерін өндіру арқылы бәсекелестерді ығыстыруға және нарықтағы жағдайларын нығайтуға ұмтылуы керек.

Бәсеке қабілеттілік ұғымы көпжақты болып, кәсіпорын іс-әрекетінің тауар секілді құрамдас бөліктерін сондай-ақ оның негізгі сипаттамалары болып табылатын сапа және өндіріс технологиясын қамтиды. Сонымен қатар ғылыми әдебиеттерде ұлттық экономиканың және аймақтық бәсеке қабілеттілігі ұғымдары қолданылады. Әр ұғымның құрылымы объектінің бәсеке қабілеттілігі оның бәсеке қабілеттілігі элементерінен және мақсатқа жетуде олардың өзара ұйымдасуынан тұратынын негіздейді.

Кәсіпорының бәсеке қабілеттілігі – қатысты өлшем, өйткені ол сату уақыты мен нарықта бәсекеге түсетін ұйымдардың салыстырмалы нәтижелерінде көрінуі мүмкін.

Осы арада кәсіпорының бәсеке қабілеттілігі – бұл экономикалық, техникалық, ұйымдастырушылық мүмкіндіктердің жиынтығы.

Кәсіпорының бәсеке қабілеттілігі – бұл бәсекелестік күрес жағдайында өзінің алып отырған нарықтық үлесін сақтап қалуға немесе кеңейтуге жеткілікті әлеуеті.

Кәсіпорының (фирманың) бәсеке қабілеттілігі – кәсіпорынның ұлттық, халықаралық нарықтағы жағдайын анықтайтын кешенді экономикалық көрсеткіштерін және потенциялын қамтиды.

Байқалғанындай бәсеке қабілеттілігінің екі жағы бар. Бұлардың біреуі оның элементі және құраушы бөліктері (тауардың жоғары сапасы, тауардың қосымша қызметі, барлық қызмет көрсету мерзіміндегі нақты қызметі т.с.с) және нақты жағдайдағы тауар сату міндеттерінің нақты шешімі (жеке қабілеттіліктері бар нақты сатып алушы, оның мүмкіндігі және өзіндік талғам шкаласы бойынша нарықта бәсекелесуші кәсіпорындардың ішінен ұнайтынын шешуі, сатушының жеке қасиеттері). Бәсекелелік күрестегі жеңіс бәсеке қабілеттілік нәтижесін бейнелейді. Ал бәсеке қабілеттілік пен бәсекенің қатынасын потенциал – потенциялды қолдану қатынасы ретінде сипаттауға болады.

Әдетте бәсеке қабілеттілік бейімділік және жаңашылдық секілді екі ажырамас бөліктерден тұрады. Бейімділікті икемдеу қасиеті, кәсіпорының сыртқы ортамен қатынасының формасы және ұйымшылық қайта құрудың үрдісі ретінде түсінеміз. Өз кезегіндегі жаңашылдықты жаңару мүмкіндігі және минималды өзіндік құн, технологиялық, ритмділік критерилері бойынша ұйымшылдық процестерді қайта құру ретінде ұғынамыз. Егер де бейімділік кәсіпорынның сыртқы орта өзгерістерінде деген реакциясын көрсетсе, онда жаңашылдық өз іс-әрекетінде шешім қабылдау және жаңа элементтерді игерудің негізінде өзгерген іс-әрекет бағытын сипаттайды.

Бәсеке қабілеттіліктің екі қасиетін қалыптастыруда кәсіпорындар ұйымның жекелей элементтеріне сүйенеді. Жеке тұғыдан алғанда бейімділік қасиеті ұйымның әркелкі өнімдер өндіретін технологиялық құрал-жабдықтары және тұтастай алғанда техникалық базасы болмайынша қалыптаспайды.

Бәсеке қабілеттілік ұғымының екінші қасиеті болып табылатын жаңашылдық жаңалықтың екі түрін игеру мүмкіндігіне сүйенеді. Бір тұсы бұл өндірістің техника-технологиялық жаңартылуымен байланысты техникалық жаңалық болып табылады. Мұның құрамына құрал-жабдықтар мен

аппаратура, өндірістің техникалық құралдары және НИОКР-ді техникалық қамтамасызету, сондай-ақ, өнімдерді өндіру технологиясы аясындағы жаңалықтарды игерудің әдістері мен тәсілдері кіреді [1].

Жаңашылдықтың келесі ажырамас бөлігіне — әлеуметтік жаңалықтар жатады. Мұндай жаңалықтың техникалық базасы ретінде игерілген әлеуметтік технологиялардың жиынтығы қарастырылады.

Кәсіпорының бәсеке қабілеттілігінің деңгейіне негізінен мынандай басты факторлар әсер етеді:

– өндірістік технологияны жетілдіру дәрежесі мен ғылыми-техникалық деңгейі;

– жаңа өнер табулар мен жаңашылдықтарды қолдану;

– қәзіргі заманға сай автаматтандырылған және роботтандырылған өндіріс құралдарын енгізу.

Сонымен бейімділік пен жаңашылдық ұйымның бәсекеқабілеттілік қасиетін қалыптастыруға қажетті және жеткілікті жағдайларды айқындайды.

Бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі – кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігін жоғарылату мәселесін шешетін және сол ұйымның нарықтық орта элементтерімен бәсеке қабілетті басқару жүйесін құру. Осы орайда шаруашылықтың жаңа жағдайларында нарықтық қатынастарға бейімделген басқару жүйесін құру процесін жеделдеткен жөн. Сонымен қатар бәсеке қабілетті басқару жүйесінің ақпараттық қамтамасыз етілуін және стратегиялық бағыт-бағдарын күшейте түсу керек.

Кәсіпорынның бәсеке қабілетті басқару жүйесі негізінде кәсіпорынның потенциалды мүмкіндіктерін және сыртқы орта талаптарын ескере отырып, ақпараттық технология негізінде өздерінің міндеттерін арнайы функцияландырылған әдістер мен тәсілдер арқылы орындайтын органдар жиынтығы түсініледі. Бәсеке қабілетті басқару жүйесі – бұл қоршаған орта факторларының ықпалы негізінде өзін-өзі реттеу қабілеті бар күрделі ағза.

Кәсіпорынның бәсеке қабілетті басқару жүйесінің ең негізгі қағидасы – бұл кәсіпорынның қызмет етуі мен дамуының стратегиясы және мақсаттарды таңдаудағы негізделген өндірісті басқару жүйесінің бағыт-бағдары негізінде жаңа технология мен жаңа өнім енгізу, кәсіпорынның материалдық- техникалық базасын ескере отырып оның потенциалды мүмкіндіктерін бағалау және бәсекелестік ортаның жағдайын болжау негізінде қызметтердің перспективалы бағыттарын анықтау түсініледі.

Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі белгілі бір фактордардың ықпалымен калыптасады. Олардың арасындағы негізгілері:

- Баға;
- Сапалық;
- Жаңалық;
- Жарнама;
- Пайдалану сенімділігі;
- Көркемдеу;
- Буып-түю, т.б.

Нарықтағы әрбір тауар қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру көрсеткішіне тексеру өтеді: әрбір сатып алушы оның жеке қажеттілігін толығымен қанағаттандыратын тауарды сатып алады, ал барлық сатыпалушылар бәсекелес тауарларға қарағанда қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес келетін тауарды сатып алады. Сондықтан өнімнің бәсекеге қабілеттілігін (яғни, бәсекелестік нарықта коммерциялық тиімді өткізудің мүмкіншілігі) бәсекелестердің тауарларын бір-бірімен салыстыру негізінде ғана анықтауға болады. Басқаша айтқанда, бәсекеге қабілеттілік нақты бір сату уақытына байланысты салыстырмалы түсінік. Әрбір сатып алушыда өз қажеттіліктерін қанағаттандырудың бағалаудың жеке критериі бар болғандықтан, мұнда бәсекеге қабілеттілік жеке сипатка ие болады. Сондықтан, бәсекеге қабілеттілік тұтынушы үшін қызуғышылық туғызатын (берілген қажеттіліктерді қанағаттандыруына кепіл береді) қасиеттермен ғана анықталады. Бұл қызығушылықтың шегінен шыққан өнімнің барлық қасиеттері бәсекеге қабілеттілікті бағалағанда белгілі бір жағдайда оған қатысы жок деп есептеледі. Нормалар, стандарттар мен құқықтардың шамадан тыс асуы (мемлекеттік талаптардан басқа) өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жаксартып қана коймай, керісінше оны түсіреді,

өйткені ол сатып алушының құндылығын көбейтпей, бағаның өсуіне әкеледі; сондықтан ол өнім тұтынушыға тиімсіз болып көрінеді [2].

Нарыққа жаңа бәсекелестердің енуі барысында белгілі бір тосқауылдар болуы мүмкін. Олардың негізгілері:

• өндіріс қажеттіліктерінің үнемделуі;

•өнімнің жіктелуі мен сатып алушылардың да сол кезеңдегі шығындары;

• тарату каналдарының салыстырмалы жетіспеушігі;

• саладағы артықшылықтардың болуымен белгіленетін тосқауылдар.

Нарықта әрекет етуші компаниялар арасында бәсекелестіктің қарқандылығы мынандай факторлармен анықталады:

• бәсекелестердің сан жағынан көп болуы және олардың күштерінің теңдігі;

• саланың салыстырмалы баяу өсуі;

•үстеме шығындар немесе тауарлы-материалдық корлар құны түріндегі тұрақты шығындардың жоғары деңгейі;

• дифференциацияның жоқтығы (және тиісінше - конверсия шығындары);

• қуаттардың секірмелі өсімі;

• жоғары деңгейге шығу тосқауылдары.

Бәсеке сипаттамалары және оларды анықтайтын факторларды шартты түрде микродеңгейлі (өнімнің сапасы мен бағасын көрсететін), мезодеңгейлі (салалардың қолда бар өндірістік қорларын тиімді қолданудың көрсеткіштерін жақсартатын) және макродеңгейлі (шаруашылық жүйелердің жалпы қалпын, олардың балансын, инвестициялық климатын, салық тәртібін, тариф кедендік саясатын және т.б. көрсетеді) болып бөлінеді.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату жолдарын жобалау оның нақты және уақытылы бағалауына тікелей байланысты. Өнімнің бәсекеге түсу қабілеттілігі талданатын өнімнің параметрлерін салыстыру базасының параметрлерімен салыстыру арқылы бағаланады. Салыстыру базасының орнына әдетте нарықтағы ұқсас тауар немесе тұтынушының қажеттілігі алынады. Ал ұқсас тауар ретінде сатылу көлемі максималды және болашағы жарқын тауар алынады. Егер өнімнің параметрлерінің физикалық өлшемі боласа, онда оған балмен бағалау әдістері қолданылады.

- Бәсекеге кабілеттілікті бағалаудың негізгі критерийлері:
- өнімнің жаңалық дәрежесі;
- өндірілу сапасы;
Ұйым ақша қаражаттарын қаншалықты көп тартатын болса, оның қаржылық мүмкіндіктері де соншалықты жоғары болады, алайда, сонымен бірге қаржылық тәуекелділік те өседі - яғни ұйым өз кредиторларымен уақытында есептесе ала ма, жоқ па? - деген қауіп туады. Және де бұл жерде ұйымның төлеу қабілеттілігінің қаржылық кепілінің бір түрі ретінде резервтерге үлкен роль берілген.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, ұйымның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін мынадай ішкі факторларды атап көрсетуге болады:

• ұйымның салалық топқа жатуы;

• шығарылатын өнімнің (жұмыс, қызмет) құрылымы және оның жалпы төлем қабілеттілігі бар сұраныстағы үлесі;

• төленген жарғылық капиталдың мөлшері;

• шығындардың көлемі, олардың ақшалай табыспен салыстырғандағы динамикасы;

• қорлар мен резервтерді, олардың құрамы мен құрылымын қоса алғандағы мүлік пен қаржы ресурстарының жағдайы;

• ұйымдарды басқару тиімділігі.

Сыртқы факторларға шаруашылық жүргізудің экономикалық жағдайының әсері, қоғамда үстемдік етуші техника мен технология, төлеу қабілеті бар сұраныс және тұтынушылар табысының деңгейі, ҚР үкіметінің салық және несие саясаты, ұйымның қызметін бақылау жөніндегі заң актілері, сыртқы экономикалық байланыс және тағы басқалар жатады.

Ұйымның тұрақты қаржылық жағдайын қалыптастыруда оның өз контрагенттерімен (салық органдары, банктер, жабдықтаушылар, сатып алушылар, акционерлер және тағы басқалар) өзара қарым-қатынасы үлкен әсер етеді. Сондықтан да серіктестермен реттелген іскерлік қатынаста болу - жақсы қаржылық жағдайдың бірден-бір шарты болып табылады. Әрине, акционерлер өз жинақ қорларын тұрақты тиімділікке ие және дивиденттерді ұқыпты төлейтін қаржылық тұрақты ұйымдарға салады. Инвестициялық тартымдылығы болуы үшін, тек бүгінгі күні ғана емес, болашақта да ұйымның қаржылық жағдайы көршісіне қарағанда жақсы болуы тиіс. Сондай-ақ, бұл жыл сайын өз облигациясы бойынша белгілі бір пайызбен алғысы келетін, ал заем мерзімі біткен уақытта-облигация құнын толық өтеуді талап ететін облигация иелеріне де қатысты. Кез келген коммерциялық кәсіпорын сияқты банктер де өз несиелерімен тәуекел ете отырып несие алушының өз қарызын уақытында және толық өтеуін қалайды, сондықтан оны беру туралы шешім қабылдай отырып, кез келген банк өз клиентінің қаржылық жағдайын және бұл қарыздың қамтамасыз етілуін тексереді. Басқаша айтқандаұйымның қаржылық жағдайы банктер осы кәсіпорынға несие беру орынды ма, жоқ па, ал бұл сұрақты дұрыс шешкен жағдайда - қандай пайызбен және қанша мерзімге деген сұрақтарды шешудегі негізгі белгі болып табылады. Жабдықтаушылар мен тұтынушылар сенімді және төлем қабілеттілігі жоғары ұйымдармен келісім-шартқа үлкен ықыласпен отырады. Тіпті қаржы органдары, әсіресе салық инспекциясы ұйымның жағдайы тұрақты болғанын қалайды, себебі тек осындай ұйым ғана салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді уақытылы және толық төлей алады.

Осылайша, қаржылық жағдай ұйымның бәсекелестік қабілетін және оның іскерлік қарым-қатынастағы потенциалын анықтайды, ұйымнның өзінің және оның серіктестерінің қаржылық және басқа қатынастар тұрғысындағы экокомикалық қызығушылықтары қаншалықты дәрежеде кепілдендірілгенін бағалайды.

Ұйымның қаржылық жағдайының объективті дұрыс бағасын алудың ең жақсы тәсілі, бұл – талдау, ол кәсіпорынның даму бағытын бақылауға, оның шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және осындай жолмен басқарушылық шешімдерді өңдеумен ұйымның өзінің өндірістік кәсіпкерлік қызметі арасында байланыстырушы қызмет атқарады.

Ұйым осы мерзімге дейінгі уақытта қаржы ресурстарын қаншалықты дұрыс басқарды деген сұраққа жауап береді: ұйым осы мерзімге дейінгі уақытта қаржы ресурстарын қаншалықты дұрыс басқарды. Қаржы ресурстары жағдайының нарық талаптарына сай болуы және де кәсіпорынның дамуына байланысты қажеттіліктерге жауап бере алуы өте маңызды болып табылады, себебі қаржылық тұрақтылықтың жетіспеушілігі ұйымның төлеу қабілетінің жоқтығына және оның дамуына қажетті қаражатының болмауына, ал көп болуы дамуға кедергі жасап, басы артық қорлармен және резервтермен ұйым шығындарын көбейтуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші ұйымдардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты (міндеті) келесілер болып табылады:

• қаржылық жағдайға баға беру және оның есеп беру мерзіміндегі өзгерісі;

• активтер мен олардың қалыптасу көздері арасындағы сәйкестікті, оларды таратудағы рационалды және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;

• айналым капиталының көлемін, оның өсуін (кемуін) және ағымдағы міндеттемелермен арақатынасын анықтау;

• қаржы-есептік және несие ережесін сақтау;

• ұйым активтері және оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу;

• ағымдағы активтердің айналымдылық есебі, оның ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;

• баланстың өтімділігін, ұйымның қаржылық тұрақтылығының және төлеу қабілеттілігінің абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау;

• ұйым табыстылығын бағалау;

• ұйым табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;

• ұйымның іскерлік белсенділігін анықтау;

• ұйымның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ және қысқа мерзімді болжау, яғни оның қаржылық стратегиясын анықтау.

Қаржылық жағдайды талдау ұйымның, шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады. Және ол 3 сатыны қамтиды: жабдықтау, өндіріс және өткізу; бұлардың жиынтығы коммерциялық, өндірістік және қаржылық қызметті құрайды. Ұйымның қаржылық қызметі – бұл оның осы қызмет нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамына өзгеріс әкелетін қызметі болып табылады. Ол қаржы ресурстарының жүйелі түрде түсуі мен тиімді пайдаланылуына, есеп және несие тәртібін сақтауға, меншікті және қарыз қаражаттарының арасындағы арақатынастың рационалдылығына, сондай-ақ кәсіпорынның тиімді қызмет етуі мақсатында қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Ұйым қызметінің қаржылық, өндірістік және коммерциялық жақтары арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Осылайша қаржылық қызметінің жетістігі, көбінесе оның өндірістік-сату көрсеткіштерімен анықталады. Ұйымның өзі алатын төлемдерді және ақша қаражаттарын алуы оның өнімді сатуына, алдын ала қарастырылған сұрыпталымды ұстап тұруына, өнім сапасының қажетті деңгейге сәйкестігіне және оны бір қалыпты өндіруге және төлеуге байланысты болады.

Жоғары сапалы өнімді үздіксіз өндіру және өткізу ұйымның қаржылық ресурстарының қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Өндіріс процесінде өнім сапасының төмендеуі және оны сатудың қиындықтары ұйым шотына ақша қаражаттарының келіп түсуіне кедергі жасайды, нәтижесінде ұйымның төлеу қабілеті төмендейді. Кері байланыс та бар, ол ақша қаражаттарының болмауы материалдық ресурстардың келіп түсуінің іркілісіне, демек өндіріс процесінің тоқтауына әкеліп соқтыруы мүмкін [2].

Шығындар көлемі өндіріс процесінің тиімділік деңгейімен анықталады. Олардың тиімділігі қаншалықты көп болса, ұйым өнімді өткізу көлемін сақтай отырып ресурстарды, соның ішінде қаржылық ресурстарды соншалықты аз жұмсайды. Және керісінше, шикізат пен материалдар шығындарының нормасының өсуі, еңбек өнімділігі деңгейінің төмендеуі, басқа да ресурстардың мөлшерден тыс жұмсалуы және өндірістік емес шығындар қосымша қаржы қаражаттарының қажеттілігіне себепші болады. Еңбек және материалдық ресурстар шығыны ең алдымен өнімнің өзіндік құнында, содан соң табыста талдап қорытылады.

Соңғы айтылған көрсеткіштің көлемі кәсіпорының өзіндік қаражаттарының көлемін өзгерте отырып, оның жалпы қаржылық жағдайында елеулі көрініс табады.

Ұйымның қаржылық қызметінің қалыпты болуы әсіресе өз кезеңіндегі қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті жағдайларды туғызады, оның төлеу қабілеттілігінің кепілі болып табылатын өнім өндірудің үздіксіздігін және кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Біздің ойымызша, қаржылық жағдайды талдауды қаржылық тұрақтылықтан бастаған жөн және оған мыналар жатады:

• ұйым активтерінің құрылымдық және құрамдық динамикасын талдау;

• ұйым активтерінің қалыптасу көздерінің құрамдық және құрылымдық динамикасын талдау;

• ұйымның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау;

• баланс өтімділігін талдау;

• ұйымның төлем қабілеттілігін және несие қабілеттілігін талдау.

Қаржылық қызметтің негізгі мақсаты ұйымның активтерін көбейтумен аяқталады. Бұған ол міндетті түрде баланстың актив және пассивтің оптималды рентабельділі, төлемқабілетті құрылымын өндіріс ұстауы керек.

Ұйымның қаржылық жағдайын және оның тұрақтылығын бағалауға көрсеткіштердің жүйесі қолданылады. Бұл көрсеткіштер келесілерді мінездейді:

· Капиталдың қолма-қолдығы мен араласуы, оны пайдаланудың интенсивтілігі мен тиімділігі;

· Ұйым пассивінің оңтайлы құрылымы, оның қаржылық тәуелсіздігі және қаржылық тәуекелділік деңгейі;

· Ұйым активінің оңтайлы құрылымы және өндірістік тәуекелділік деңгейі;

· Айналым активтерінің құрылу көздерінің оңтайлы құрылымы;

· Ұйымның инвестициялық тартымдылығы және төлемқабілеттілігі;

· Шаруашылық субъектінің банкроттық тәуекелділігі;

· Оның қаржылық тұрақтылығының босалқысы.

Ұйымды талдайтын қатыстық көрсеткіштерін тәуекелділік деңгейін бағалауға және банкроттықтың мүмкіндіктерін болжауға болуы үшін жалпы қабылданған нормамен салыстыруға болады. Нақты ұйымның қатысты көрсеткіштерін басқа ұйымның аналогиялық мәліметтерімен салыстыру ұйымның әлсіз және күшті тұстарын және оның мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Қатыстық көрсеткіштерді сонымен қатар ұйымның қаржылық жағдайының төмендеуі немесе көтерілу тенденцияларын анықтауға алдағы жылға аналогиялық мәліметтермен салыстыруға болады.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдауды тек қана ұйымның қызметіне сәйкес келетін жетекшілер ғана емес, сонымен қатар инвесторлар, құрылтайшылар, банктер, мердігерлер, салық инспекциясы жүргізеді. Инвесторлар мен құрылтайшылар ресурстарды пайдалану тиімділігін анықтауға, банктер – несиелендіру шарттарын бағалауға және тәуекелділік деңгейін анықтауға, мердігерлер – төлемдерді өз уақытында алуға, салық инспекциясы - бюджетке қаражат түсу жоспарын орындауға ұйымның қаржылық жағдайын талдайды. Сондықтан талдау ішкі және сыртқы талдау болып бөлінеді.

Ішкі талдау ұйым қызметкерлерімен жүргізіледі. Мұндай талдау нәтижелері ұйым қаржылық жағдайын болжау, қадағалау және жоспарлауға пайдаланылады. Ішкі талдаудың мақсаты меншікті және зайымдық қаражаттардың рационалды араласуын және ақша-қаражаттардың жоспарлық түсімін қамтамасыз ету болып табылады. Қаражаттарды рационалды араластыруда кәсіпорынды дұрыс құруға, максималды пайда алуға және банкроттық тәуекелділікті ескеру үшін шарт құруға болатын араластыру түсіндіріледі.

Сыртқы талдау инвесторлармен, материалды және қаржылық ресурстардың мердігерлерімен есептікті баспадан шығару негізінде қадағалайтын органдармен жүргізіледі. Мұндай талдаудың мақсаты айырылып қалу тәуекелділігін ескеру және максималды пайдамен қамтамасыз ету үшін қаражаттарды тиімді салу мүмкіндіктерін бекіту болып табылады.

Талдаудың келесі кезеңі – функционалдық белгілер бойынша баланс активінің және пассивінің бөлек бөлімдер және бөлімшелер арасындағы қаржылық теңсіздігін зерттеу және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының дәрежесін бағалау. Келесі баланстың өтімділігі зерттеледі (активтердің және пассивтердің көлемі және пайдалану мерзімдері бойынша теңдігі), ақша ағымдардың теңдестірулігі және кәсіпорынның төлем қабілеттілігі бағаланады.

Қорытындыда ұйымның қаржы тұрақтылығының және оның төлем қабілеттілігінің жалпы бағалау жүргізіледі, болашаққа болжамдар жасалынады және банкрот болу ықтималдылығы бағаланады.

Талдауды жүргізу тәжірибесіне келетін болсақ, оның мазмұны және жүргізудің кезеңдері талдаудың мақсатынан және ақпараттық базасынан толығымен тәуелді. Ең біріншіден, талдаушы зерттеудің басымдық бағыттарын және тәуекелдердің орналастыру аймақтарын және кезеңдерін анықтау қажет. Осындай тәртіп және басымдықтар талдау кезінде ауысып туруы мүмкін.

Ұйымның қаржылық жағдайын бағалау негізінен салыстырмалы көрсеткіштерден негізделеді, өйткені абсолюттік көрсеткіштер инфляция кезінде салыстырмалы түрге келтіруге өте қиын.

Ұйымның салыстырмалы көрсеткіштер келесілермен салыстыруға болады:

- тәуекел дәрежесін бағалау және банкрот болу ықтималдығын болжамдау үшін жалпы қабылданған нормаларымен;

- басқа ұйымдардың дәл осындай берілгендерімен, бұл ұйымның күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және оның мүмкіндіктерін көрсетуге мүмкіндік береді;

- ұйымның қаржылық жағдайының жақсарудың немесе төмендеуінің тенденцияларын зерттеу үшін өткен жылдардың дәл осындай берілгендерімен.

Ұйымның қаржылық жағдайы кешендік ұғым болып табылады. Ол ұйым потенциалды және нақты қаржылық мүмкіндіктері көрінетін көрсеткіштер жүйесімен түсіндіріледі. Қаржылық жағдай ішкі және сыртқы факторлар жиынтығының әсерімен жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін.

Ұйым қаржылық қызметінің нәтижесін бағалау және талдау оның қызметінің қисық нүктелерін анықтауға, проблеманың себебін анықтап және оның шешім табуына бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлауға мүмкіндік береді [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дүйсенбаев К.Ш. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: Оқу құралы / К.Ш. Дүйсенбаев -Алматы: Экономика, 2011 ж. – 250 б.

2. Оразалин К. Ж. Кәсіпорын экономикасы: тәжірибе сабағына арналған оқу құралы / К. Ж. Оразалин. - Алматы : ТОО "Издательство LEM", 2007. – 370 б.

3. Ниязбекова Р. Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы / Р. Қ. Ниязбекова, Б. А. Рахметов, П. Т. Байнеева. - Алматы : Экономика, 2008. – 320 б.

УДК 311.216
МРНТИ 06.35.31

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕК УАҚЫТЫНЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛЫТЫН ТАРИФТІК ЖҮЙЕЛЕРІ

Нарибаев К.Н.[1]
Зайнулла Ж.С.[1]

[1] *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті*

Андатпа

Нарыққа өту кезеңінде экономикалық қатынастарды құру, берілген кезеңге адекватты еңбекке ақы төлеу механизімінің, концептуалды негізін құрудың объективті қажеттілігін береді. Бұл талап қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасында болып жатқан экономикалық өзгерулер. Мемлекеттік меншікті негізінен жекешелендіру, үлкен шаруашылық субъектілерді шетел инвесторларына сату және басқаруға беру және осының негізінде әлеуметтік деңгейге байланысты қоғам топтарының құрылуынан, яғни жұмыс берушілер мен жалдамалы жұмыскерлердің, «еңбек ақы» категориясына тиісті көптеген теориялық және әдістемелік баптарды қайта қарастыру қажет.

Тарифтік жүйенің негізгі бағыты еңбек ақыны еңбек нәтижесіндегі жеке айырмашылықтарға қара емес, жұмысты орындаудың мазмұны мен шарттарындағы объективтік айырмашылықтарға қарай жіктеу мәселесін шешу болып саналады.Сондықтан тарифтік жүйе әрқашан еңбектің өзіндегі қоғамдық маңызды айырмашылықтар үшін төлем шарттарына қатысты жұмыс беруші мен барлық жұмыскерлердің арасындағы барлық қарым-қатынастарды көрсетеді. Соған байланысты оның көмегімен теңдей еңбек үшін теңдей еңбек ақы төлеу принципі іске асырылуы керек.

Түйін сөздер: еңбек ақы, еңбек жағдайлары, тарифтік жүйе, еңбек ақы төлеу, жұмыс берушілер, жалдамалы қызметкерлер.

Нарибаев К.Н.[1]
Зайнулла Ж.С.[1]

[1]*Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая*

УЧЕТ РАБОЧЕГО ВРЕМЕНИ РАБОТНИКОВ И ПРИМЕНЯЕМЫЕ ТАРИФНЫЕ СИСТЕМЫ

Аннотация

Экономические отношения в период перехода к рынку, создание адекватного механизма оплаты труда дают объективную необходимость создания концептуальных основ. Современные условия в Республике Казахстан требуют экономического изменения. В основном, приватизации государственной собственности, продажи и передаче в управление иностранным инвесторам в связи с большой социальной группы на уровень хозяйственных субъектов, и на этой основе создания общества, то есть наемных работников и работодателей, заработная плата «необходимо пересмотреть многие теоретические и методические статьи, соответствующие категории. Приватизации государственной собственности, продажи и передаче в управление иностранным инвесторам, в основном большие социальные группы перевести на уровень хозяйственных субъектов, и на этой основе создатьсоответствующих категорийобщества, то есть наемных работников и работодателей, в связи с этим необходимо пересмотреть многие теоретические и методические статьи по заработной плате.

Основные направления тарифной системы является не только оплата труда и результат индивидуального труда, но и содержание объективных различий в условиях исполнения работы в зависимости от классификации и решения вопроса. Поэтому тарифная система всегда показывает внутрирабочие общественно-значимые различий по условиям оплаты на договорной основе между работником и работодателем. В связи с этим, с его помощью должен быть реализован принцип условия равного труда с принципом оплаты труда.

Ключевые слова: заработная плата, условия труда, тарифная система, оплата труда, работодатели, наемные работники.

Narybaev K.N.[1]
Zainulla Zh.[1]

[1]*Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

ACCOUNT OF BUSINESS HOURS OF WORKERS AND APPLIED TARIFF SYSTEMS

Abstract.

Economic relations in the period of passing to the market, creation of adequate mechanism of remuneration of labour, give the objective necessity of creation of conceptual bases. Modern terms in Republic of Kazakhstan require an economic change. Mainly, privatizing of public domain, sales and to the transmission in a management to the foreign investors in connection with large task force on the level of economic subjects, and on this basis of creation of society, id est hired workers and employers, salary it is "necessary revision.Privatizing of public domain, sales and to the transmission in a management to the foreign investors, mainly to translate large task forces on the level of economic subjects, and on this basis to create corresponding categories of society, id est hired workers and employers, in this connection it is necessary to revise many theoretical and methodical articles on a salary.

Basic directions of the tariff system, there are not only a remuneration of labour and result of individual labour but also maintenance objective distinguish

Keywords: salary, terms of labour, tariff system, remuneration of labour, employers, hired workers.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлері мен жұмыскерлерінің жалақылары ақшалай көріністегі ұлттық табысты жеке тұтыну қорындағы олардың үлесі болып табылады. Қажетті өнімнің негізгі формасы сияқты. Ол жіберілген еңбектің сапасы мен сонымен және оның жеке, ұжымдық нәтижесіне сәйкес орналастырады. Біздің елде еңбек ақы төлеу екі жақты функцияны атқарады бір жағынан жұмыскердің табысының негізгі көзі және олардың өмірлік деңгейін көтеру, басқа жағынан — өндірістің тиімділігін арттыру болып табылады.

Еңбек ақы – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының басқада нормативті құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдермен, еңбек, ұжымдық келісім-шарттарға және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыскерге оның еңбегі үшін берілетін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуімен байланысты қатынастар жүйесі. Қазақстанда қалыптасқан қолайлы әлеуметтік - экономикалық ахуал шетелдік жұмыс күшінің ағылып келуіне жағдай туғызып отыр. Және үкімет басқа елдердің тәжірибелерін ескере отырып, республика аумағында жұмыс істеп жүрген заңсыз еңбек мигранттарын ішкі істер органдары мен басқа да тиісті ведомстваларда тіркеу арқылы заңдастыру жөнінде бір реттік акциялар өткізіп, тетіктерін әзірлеуде.

Республикамызда жұмысшылар мен мамандардың еңбек ақысын есептеп төлеуге тарифсіз еңбек ақы жүйесін ұсынды. Дұрыс ұйымдастырылған сауатты құрылған критериилер бойынша бұл жүйеге ұйым жұмысшылары тез бейімделіп, оларды жоғары сапалы өнімді еңбек етуге ынталандырады.

Ұйымдардың қызметкерлері мен жұмыскерлерінің жалақылары ақшалай көріністегі ұлттық табысты жеке тұтыну қорындағы олардың үлесі болып табылады. Қажетті өнімнің негізгі формасы сияқты. Ол жіберілген еңбектің сапасы мен нәтижесіне сәйкес орналастырылады. Біздің елде еңбекақы төлеу екі жақты функцияны атқарады, 6ір жағынан жұмыскердің табысының негізгі көзі және олардың өмірлік деңгейін көтеру, басқа жағынан - өндірістің тиімділігін арттыру болып табылады.

Елдің әлеуметтік және экономикалық дамуындағы өзгерістерге сәйкес нарықтық шаруашылықтану жүйесіне ауысу жағдайларында еңбекке ақы төлеу салаларының саясаты да және жұмыскерлерді әлеуметтік қорғауда, жеке қолдауда өзгереді. Осы саясаттың жүзеге асыру бойынша мемлекеттің көптеген функциялары тікелей ұйымдарға беріледі, яғни өз еріктерімен формаларды, еңбек ақының мөлшері мен жүйесін, оның нәтижесін материалды ынталандыруды бекітеді.

1. Қазіргі жағдайларда еңбектің күрделілігі тәжірибеде қолданылатын тарифтік сеткаларда немесе кәсіптік-біліктілік белгілері бойынша еңбек ақыны жіктеудің (топтастырудың) басқа да нысандарында (формаларында) нақты ескеріледі. Еңбек шарттары барлық мүмкін болатын қосымша, үстеме төлемдер немесе компенсациялық төлемдердің басқа да түрлерімен өтеледі. [1]

Ең соңғысы, әртүрлі аймақтардағы жұмыс күшін қайта жандандыру құнындағы аймақтық айырмашылық еңбек ақыға қойылатын аудандық коэффициенттерде, шөлейт, сусыз және биік таулы жерлерде істеген жұмысы үшін конпенсациялық қосымша және үстеме төлемдердің, сондай-ақ еңбек жағдайы экстремальды жерлерде істеген жұмысы үшін еңбек ақыға қойылатын аудандық және өзге де коэффициенттердің алынып тасталғандығы (күшінің жойылғандығын) білдіреді. Оның үстіне, мұнда еңбек ақыны аймақтық реттеуге ерекше көңіл бөлген жөн.Ол халықтың материалдық игіліктер мен қызмет көрсетулерге деген сұранысындағы айырмашылықтарды, сондай-ақ әр аймақтың табиғи- климаттық жағдайына негізделген жұмыс күшін қайта жандандырудың бірдей емес мүмкіндіктерін есепке алуға бағытталған. Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайы алуан түрлі орасан үлкен аумаққа орналасқандығы бәріне де аян.

Еңбек ақыны мемлекеттік-құқықтық реттеу жүйесінде ең төменгі еңбек ақы көрсеткіші аса маңызды орын алады. Принципиалды түрде ең төменгі еңбек ақы ұлттық қана емес,салалық та, аймақтық та деңгейлерде, сондай-ақ ұйым көлемінде де еңбек ақыны реттеудің бүкіл жүйесіне негіз болуы тиіс. Осыған байланысты заң дайындаушылар мен заң шығарушылардың берілген экономикалық категорияның мәніне көзқарастарының эволюциясына белгілі бір қызығушылық туады.

Еңбек ақыны ұйымдастыру жүйесінде тарифті еңбек ақы маңызды орын алады. Ол атқарылатын жұмыстардың күрделілігін (жұмыскердің біліктілігін), еңбектің шарттары мен интенсивтілігін, оның қолдану сферасының (аясының) маңыздылығын (еңбек нарығында кәсіптің немесе мамандықтың тапшылылығын) және еңбек үдерісінің (процесінің) басқа да сиппатық жақтарын есепке алатын жүйе болып табылады.

Төлемді күрделілігіне қарай жіктеу ұйымның әртүрлі білікті қызметкерлерге мұқтаждығын қамтамассыз ету үшін жақсы жағдай жасайды және сол қызметкерге өз біліктілігін арттыруға (көтеруге) ынталандырады. Біліктілікті сипаттайтын негізгі көрсеткіштер жалпы және кәсіптік білім беру мен оқытудың деңгейі мен ұзақтығы, тәжірибиелік жұмыс стажы және жинақталған өндірістік тәжірибе болып табылады.

Тарифтік жүйе сонымен қатар жұмысты атқарудың өндірістік – техникалық жағдайларының айырмашылықтарын ескеруі тиіс. Еңбек интенсивтілігі орташаға қарағанда анағұрлым жоғары, физикалық және техникалық жағынан анағұрлым ауыр, қызметкердің өміріне зиянды және қауыпты өндіріс учаскелерінде (орындарында) жұмыс істейтіндер үшін жоғары еңбек ақы белгіленуі тиіс. Ондағы мақсат тек артық жұмсалатын өмірлік күш-қуаттың (энергияның) орнын толтыру ғана емес, сонымен бірге осы ойындарға (учаскелерге) тарту болып табылады. [2]

Тарифтік жүйенің негізгі бағыты еңбек ақыны еңбек нәтижесіндегі жеке айырмашылықтарға қара емес, жұмысты орындаудың мазмұны мен шарттарындағы объективтік айырмашылықтарға қарай жіктеу мәселесін шешу болып саналады.

Сондықтан тарифтік жүйе әрқашан еңбектің өзіндегі қоғамдық маңызды айырмашылықтар үшін төлем шарттарына қатысты жұмыс беруші мен барлық жұмыскерлердің арасындағы барлық қарым-қатынастарды көрсетеді. Соған байланысты оның көмегімен теңдей еңбек үшін теңдей еңбек ақы төлеу принципі іске асырылуы керек.

Ары қарай экономикалық реформалардың барысында тарифтік төлем саласында Қазақстан Республикасының заңдары ұйымдық – құқықтық нысандарына (формасына) қарай ұйымдарының еңбек ақы қаржыларын қолданудағы өз бетінше әрекетін кеңейту жағына қарай бірнеше рет өзгереді. Нәтижесінде, республика үкіметі мен тиісті қаулыларында шаруашылық жүргізуші субъектілерге жұмыскерлердің еңбек төлемінің (ақысының) шарттарын өз бетінше анықтау құқығы берілді. Басқаша айтқанда, ұйымдар мен ұйымдар тек тарифтік қана емес, сонымен бірге рекін еңбек ақы жүйесін қолдана алатын болады. Тәжірибиде (іс жүзінде) мұндай өзбетіншіліктің арқасында еңбек ақы жүйесінің келесі түрлерін қолдануға мүмкіндік туады:

- дәстүрлік жүйе, ол жұмыскерлер мен қызметкерлерді жекелеп тарифтендіруге негізделген;
- бірңғай тарифтік сеткалар, олар жұмыскерлер мен қызметкерлерді жаппай тарифтендіруге негізделген;
- тарифтік емес жүйе;
- автономиялық жүйелер, олар төлем шарттарын еркін түрде белгілеу принциптеріне негізделген.

Ұсынылған жүйелердің мәні жалпылай отырып, бірнәрсені атап өткен жөн, еңбек ақыны ұйымдастыруды жобалау кезінде шаруашылық жүргізуші субъектілер (Акционерлік қоғам, Жауапкершілігі шектеулі қоғам,өндірістік кооперативтер және тағы басқалар) бір ғана шектеуішті қолданады: ұйым жұмыскерлерінің ең төменгі еңбек ақысы заңмен белгіленген ең төменгі еңбек ақының көлемінен төмен болмауы тиіс. Осылайша, жұмыс берушілерге ұйымда тарифтік жүйелерді белгілеу, не белгілемеу құқығы берілді.

2. Тарифтік жүйелердің дамуында жаңа кезең Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» кодексін күшіне енгізуден басталды. Оған сәйкес төлемнің тарифтік бөлімін мемлекеттік реттеу тәжірибеде тарифтік-біліктілік анықтамаларын міндетті түрде қолдану талабымен толықтырылды.

Кодекстың 70 бабының 5 тарабында «Жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігі мен біліктілік талаптары жұмыстар мен жұмысшылар кәсібінің біліктілік анықтамасың және қызметкерлердің қызмет бабының біліктілік анықтамасының негізінде белгіленеді. Аталған анықтамаларды дайындауды және оларды қолдану тәртібін еңбек бойынша мемлекеттік өкілетті органдар анықтайды. Атқарылатын жұмыстарды белгілі бір күрделілік қатарына жатқызуды және біліктілік разрядтарын беруді жұмыстар мен жұмысшылар кәсібінің біліктілік анықтамаларына және

қызметкерлердің қызмет бабының біліктілік анықтамасына сәйкес жұмыс беруші өз бетінше жүргізеді.» Шын мәнінде, заңның келтірілген заңның келтірілген бабының талаптары тарифтік жүйелерді қолданудың міндеттілігін куәландырады. Осыған орай, тарифтік жүйенің дамуы қайта жанданды деп айтуға толық негіз бар. [3]

Сонымен қатар әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жұмысшылар мен қызметкерлерді жекелеп тарифтендіру мен еңбек ақы төлеудің нарықтық қатыныстары дамыған елдердің көпшілігінде қолданылатындығын ескерген жөн. Алайда, республикада жүргізіліп жатқан экономикалық қайта құрулардың стратегиясы жағынан алып қарағанда, бұл жолдың болашағы жоқ, өйткені ол мәні жағынан бұрынғы әрекет еткен тарифтік шарттардың кемшіліктерін жаңадан қайталайды және еңбек ақының келісім-шарттық реттеудің мүмкіндіктерін ескермейді.

Еңбек ақыны жоспарлауға персонал критерий бойынша қор және орташа айлық жалақыны анықтау кіреді.

Еңбек ақының жоспарлы қоры – бұл тарифтік ставка, жалақы және жеке бағалау бойынша жұмысшыларға төленетін жоспарлы кезеңге қарастырылған ақша соммасы, сонымен қатар еңбек ақы қорынан сый ақы және негізгі еңбек ақыға кіретін қосымша төлемдердің барлық түрі.

Еңбек ақы қорын жоспарлау еңбек нәтижесін индивидуалды жақсартуға және ұйымның қызметінің соңғы қорытындысының жақсартуға персонал қызығушылығын жоғарлауын қамтамассыз ету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеулімжаев Қ.К., Әжібаева З.Н., Құдайбергенов Н.А., Жантаева А.А. Қаржылық есеп/ - Қ.К., Кеулімжаев., З.Н. Әжібаева., Н.А Құдайбергенов., А.А . Жантаева . - Алматы:Изд-во Экономика. 2013 ж - 400 б.

2. Радостовец В.К. Ғабдуллин, Т.Ғ. Радостовец, В.В., Шмидт О.И. Ұйымдардағы бухгалтерлік есеп, Қазақстан - орталық аудиті, тәуелсіз аудиторлық компаниясы./ В.К. Радостовец Т.Ғ., Ғабдуллин, В.В., Радостовец., О.И Шмидт. – Алматы: Изд-во Экономика. 2010 ж - 410 б.

3. Төлегенов Э.Т. Бухгалтерлік ақпарат жүйелері / Э.Т. Төлегенов Алматы, Изд-во Экономика. 2011 ж.-296 б.

УДК 35.08-057.17
МРНТИ 82.17.25

А.Ж. Курмантаева[1]
[1]*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҰЙЫМДА ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ұйымдарда персоналды басқару жүйесі және әдістері қарастырылған. Қызметкерлерді басқару жүйесінің ең жоғары тиімділігі мен сапасы әдістер жүйесін кешенді қолданған кезде жүзеге асады. Әдістер жүйесін қолдану жетілдіру объектісіне жан-жақты қарауға мүмкіндік береді, ол қателіктердің болмауына көмегін тигізеді. Сонымен бірге персоналды басқару және оның жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды жасау үшін керекті мәселелерді шешу жолдары ұсынылған. Кәсіпорынды жұмысқа дайындығын жақсарту үшін бізге қысқа мерзім ішінде – кадрларды бағалау және аттестациялау; іріктеу; даярлау; біліктілігін жоғарылату; жетекші қызметкерлерге резервтер дайындау жұмысын толығымен қайта құру керек. Сонымен қатар, кадрлар қызметіндегі жұмыскерлердің де өздерінің кәсіби деңгейлерін жоғарылатулары керек, барлық деңгейдегі жетекшілер жұмыскерлердің әлеуетін тиімді пайдалануда, дамытуда және айқындауда жауапкершілігін күшейтуі керек.

Түйін сөздер: Персоналды басқару, персоналды басқарудың әдістері, персоналды басқару функциялары, бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру

А.Ж. Курмантаева[1]
[1] *Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

СИСТЕМА И МЕТОДЫ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ В СОВРЕМЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Аннотация

В данной статье рассмотрены система и методы управления персоналом в организациях. Качество и эффективность системы управления работников достигается в комплексном использовании системы методов. Использование систем методов дает возможность разносторонне смотреть на объект совершенствования, которая помогает недопущения ошибок. Также предложены пути решения проблем в создании условий для реализации деятельности управления персоналом. Для улучшения готовности к работе предприятия в кратчайшие сроки нам необходимо полностью переформировать работу по оценке и аттестации кадров, отбору, подготовке, повышению квалификации, подготовке резервов на руководящие должности. А также работники отдел кадров должны повышать свои квалификации, необходимо усилить ответственность руководителей всех уровней в эффективном использовании, развитии и определении потенциалов работников.

Ключевые слова: Управление персоналом, методы управления персоналом, функции управления персоналом, формирование конкурентоспособности

Kurmantaeva A.Zh[1]
[1]*Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

THE SYSTEM AND METHODS OF PERSONNEL MANAGEMENT IN MODERN ORGANIZATIONS

Abstract

This article describes the system and methods of personnel management in organizations. The quality and effectiveness of the management system of employees is achieved in the integrated use of systems methods. The use of systems methods provides a versatile opportunity to look at the object of improvement, which helps prevent errors. Also proposed solutions to the problems in creating the conditions for the implementation of activities of personnel management. To improve the readiness of the enterprise in the shortest possible time we need to completely rebuild the evaluation and certification of personnel, selection, training, professional development, training of reserves for management positions. As well as employees of the personnel Department needs to improve its qualifications, it is necessary to strengthen the responsibility of leaders at all levels in the efficient use, development and definition of potential employees.

Keywords: Personnel management, personnel management, personnel management, the formation of competitiveness

Персоналды басқару – іс-әрекеттің функционалды ортасы, оның мәселесі – кәсіпорынды керек уақытта, қажетті мөлшерде және талап етілетін сапада кадрлармен қамтамасыз ету, оларды дұрыс орналастыру және ынталандыру. Персоналды басқару мақсаты жалпы ұйымның игілігі мен жұмыскерлердің жеке мүдделерін ескере отырып, әрекет ететін еңбекке қабілетті ұжымды қалыптастыру болып табылады.

Кәсіпорын персоналы бір мезетте басқарудың объектісі де, субъектісі де бола алады. Кәсіпорын қызметкерлерінің объект болуының себебі: олар өндірістік процестің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан, өндірісте адам ресурстарын жоспарлау, қалыптастыру, қайта бөлу және тиімді пайдалану персоналдарды басқарудың негізгі мәні болып табылады және осы тұрғыдан қарағанда өндірістің материалдық-заттай элементтерін басқаруға ұқсас келеді.

Персоналды басқару жүйесі персоналдарды басқару мақсаттарының, функцияларының, ұйымдастырушылық құрылымның қалыптасуларынан, басқарушылық шешімдерді негіздеу, өңдеу, қабылдау және орындау процестерінде мамандар мен жетекшілердің тігінен және көлденеңінен функционалды өзара байланыстардың қалыптасуынан тұрады.

Персоналды басқару функцияларын жүзеге асыратын жүйе ұйымның персоналын басқару жүйесі деп аталады.

Қызметкерлерді басқару жүйесінің ең жоғары тиімділігі мен сапасы әдістер жүйесін кешенді қолданған кезде жүзеге асады. Әдістер жүйесін қолдану жетілдіру объектісіне жан-жақты қарауға мүмкіндік береді, ол қателіктердің болмауына көмегін тигізеді.

«Адам қорларын басқару» тұжырымдамасының шеңберінде персонал негізгі капиталға «теңестіру құқығына» ие және оған жұмсалатын шығын ұзақ мерзімді инвестиция ретінде қарастырылады; кадрлық жоспарлау өндіріспен үйлеседі және қызметкерлер корпорациялық стратегиялардың объектісі болады; еңбекті топпен ұйымдастыру белсенді енгізіледі; сондықтан да бар күш команда құруға, адамдардың қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталады; кадрлық қызметтер ұйымдастырушылық және талдау-сараптау мәселелерін шешеді; сонымен қатар, компанияда қызметкерлердің меңгеруін жетілдіру мақсатында бөлімше жетекшілеріне қолдау көрсетіледі [1].

Персоналды басқару тұжырымдамасының «ұлттық нақышы» бар деп есептелінеді. Мысалы, АҚШ – та ол прагматикалық түрде; адам мұқият сақтықпен қарайтын және салымдарды толық қайтара алатын ресурс есебінде қарастырылады, ал Жапонияда адам тек ресурс қана емес, сонымен бірге өз бетінше құндылық; бұл жерде корпорациялық мәдениет пен ұйымдастырушылық құндылықтардың рөлі айтарлықтай жоғары. Қазақстанда персонал өзінің нағыз тұжырымдамасына әлі «қолы жеткен жоқ», бірақ отандық дәстүрлі көзқарас әрбір персоналды «өгей бала» түрінде қарау қалыптасқан.

Бұл елдерде персоналды басқарудың әдістері –ұйымның алға қойған мақсаттарына жету үшін басқарушылық объектіге әсер ететін әдістердің жиынтығы деп қарастылады.

Персоналды басқару әдістері төмендегідей топтастырылады [2]:

- ұйымдастырушылық – әкімшілік;
- экономикалық;
- әлеуметтік – психологиялық.

Ұйымдастырушылық – әкімшілік әдістері еңбек тәртібінің қажеттілігін, жауапкершілікті, адамның белгілі бір ұйымда тікелей директивтік нұсқауларға негізделген жағдайларға еңбек ету керек екенін түсінген саналы себепке (мотивке) бағытталған. Ұйымдастырушылық – әкімшілік әдістері негізінде жетекшінің билігіне, оның құқығына, тәртіпті ұйымдастыру мәніне және жауапкершілігіне тіреледі.

Экономикалық әдістер қызметкерлерді экономикалық ынталандыруына негізделсе, ал әлеуметтік – психологиялық әдістер оның әлеуметтік белсенділігін жоғарылату мақсатында қолданылады. Экономикалық әдістердің көмегімен ұжымның, жеке жұмыскерлердің ынталандыруы орындалады.

Персоналды басқарудың мазмұны – кәсіпорынның тиімді әрекет етуі мен ондағы жұмыс істейтіндердің жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыскердің еңбек ету сапасын пайдалану үшін жағдай жасау, кәсіпорын деңгейіндегі жұмысшы күшін қалыптастыру, бөлу, қайта бөлу процестеріне өзара байланысқан ұйымдастырушы – экономикалық және әлеуметтік шаралардың көмегімен жүйелі, жоспарлы түрде ұйымдастырылған әсері. Осы орайда, отандық және шетелдік персоналды басқару жүйесін салыстырмалы түрде төменде алып көрсетілген (кесте 1).

Кесте 1 - Персоналды басқаруда Қазақстандық және шетелдік үлгі ерекшеліктері

Қазақстандық үлгі	**Шетелдік үлгі**
Жобалық қадам : «бар мәселені – шешеміз»	Стратегиялық мақсатқа қарай жүйелік шешім қабылдау
Менеджмент мемлекет саясаты мен экономикасына тікелей байланысты	Дамыған менеджмент ілгерілеген капитализмнің белгісі
Тиімділіктің өсуіне ұйымдардың үлкен потенциалы	Ұйымдардың тиімділігі өте жоғары
Қысқа мерзімді мотивациялық жоспарлар қолданыста	Ұзақ мерзімді мотивациялық жобалар қолданыста
Ішкі байланысқа аса маңыз берілмейді, негізгі деп саналмайды	Ішкі байланыс орнатуға, ақпаратпен қамтуға, тазалыққа бас назар аударады
Ұйымға персоналдың тез қабылдауы маңызды	Ұйымдағы жұмыскердің бренд, құндылықтарға, персоналдың этика жағынан хабардар болуы маңызды
Басқару жүйесі әр персоналға жеке түрде қарауға бағытталған	Басқару жүйесі персоналды дамыту, кәсіби шеберлігін көтеруге арналған
Әлеуметтік обьектілер және инфрақұрылым, социализмнен қалған бөлу принципі	Әлеуметтік жауапкершілік, персоналға арналған әлеуметтік жеңілдіктер
Ұжымдарда достық қарым қатынас басым қалыптасқан	Жұмыскерлердің қарым қатынасы «достық емес, қадірлеу және ынтымақтастық»
Ақпарат көзі: Мәліметтер [3] негізінде құрастырылды	

Осы кесте негізінде қарайтын болсақ, бүгінде бұрынғы ескі ойлар, әдістер мен тәсілдер негізінде кадрлар қызметін шешуге мүмкін болмайтын жаңа мәселелердің қатарына қойып отыр. Бүгінгі таңда күрделі мәселелердің бірі ретінде кадрлар жұмысын қайта құру өткір түрінде белгілі болып тұр.

Экономиканың барлық салаларындағы сияқты өнеркәсіпте де:

- өндірісті үдету мәселелері;
- оның тиімділігін жоғарылату;

– қажетті және тапшы кадрлық ресурстарды дұрыс пайдалану кәсіпорындардың олар үшін жаңа экономикалық жағдайларға үйрену және өмір сүруі үшін алдыңғы қатарға шығып, ең маңызды мәнге ие бола бастады.

Кәсіпорынның кадрлық қызметі – кәсіпорынды басқару шеңберінде таңдалған саясат бойынша басқаруға бел буған қызметтегі тұлғалармен қоса арнайы құрылымдық бөлімшелердің жиынтығы.

Бүгінде отандық кәсіпорындарда кадрлар бөлімінің қызметі жұмыс күшін жалдау, жұмыстан босату, іс-қағаздарын жүргізу, оқытуды ұйымдастыру, кадрлардың біліктілігін жоғарылатуы және қайтадан даярлау жұмыстарымен шектеледі. Көбіне ұйымдарда әлеуметтік мәселелерді шешу үшін әлеуметтік зерттеу және қызмет көрсету қызметтері өз алдында жеке құрылады. Әр түрлі кадрлық жұмыстармен зауыт басқармасының басқа бөлімдері: еңбек және еңбекақы төлеу бөлімі; жоспарлау бөлімі; кәсіподақтық ұйымы; қауіпсіздік техникасы бөлімі, бас технолог қызметі; техникалық оқыту бөлімі және т.б. бөлімдері айналысады. Яғни жұмыскерлерді жалға алу барысында көптеген ережелерге аса назар аударылмайды. Соның нәтижесінде құрастырылған келесі салыстырмалы кестені қарастырайық (кесте 2).

Кесте 2 - Персоналды басқарудың шет елдерінің ерекшеліктері

Жапония	АҚШ	Скандинав елдері	Еуропа елдері	Ұлыбритания	Қазақстан
Иерархиялық жүйе, ресми қарым-қатынас	Қатаң иерархия жоқ, бейресми қарым-қатынас	Матрицалық жүйе, бейресми қарым-қатынас	Иерархиялық жүйе, ресми қарым-қатынас	Иерархиялық жүйе, ресми қарым-қатынас	Иерархиялық жүйе, ресми қарым-қатынас
Өмірлік жалға алу	Қысқа мерзімді жалға алу	Ұзақ мерзімді жалға алу	Ұзақ мерзімді жалға алу	Ұзақ мерзімді жалға алу	Қысқа мерзімді жалға алу
Жалақыға сәйкес	Жеке төлем	Лауазымға байланысты	Лауазымға байланысты	Үлесіне байланысты	Монетарлы саясат
Бақылау кезіндегі бейресми қатынас	Ресми бақылау	Бейресми бақылау, ыңғайлы кесте	Бейресми бақылау	Бейресми бақылау	Ресми бақылау, қатаң кесте
Үйлестікке және ынтымақтастық қа назар	Тиімділік пен нәтижеге назар	Жұмыс пен жеке өмір балансы	Ұжымдық мәдениет, жұмыс пен жеке өмір балансы	Ұжымдық мәдениет, дәстүрлерді ескеру	Қарым-қатынасқа назар
Бірігіп шешім қабылдау	Жеке шешім қабылдау	Жеке шешім қабылдау	Жеке шешім қабылдау	Жеке шешім қабылдау	Бірігіп шешім қабылдау
«Төменнен жоғары» басқару түрі	«Жоғарыдан төмен» басқару түрі	Демократиялық басқару стилі	Демократиялық басқару стилі	«Жоғарыдан төмен» басқару	«Жоғарыдан төмен» басқару
Әлеуметтік қорғаныс көрсету	Әлеуметтік қорғаныс, әсіресе, мүмкіндігі шектеулі жандарға	Бизнесті әлеуметтік бағдарлау, «тең мүмкіндіктер қоғамы»	Мемлекеттен әлеуметтік қорғаныс	Мемлекеттен әлеуметтік қорғаныс	Басшыдан әлеуметтік қорғаныс
Өндірістен алыстатпай жетілдіру	Біліктілікті жетілдіру бағдарламалар	Кәсіби даму	Кәсіби даму	Кәсіби даму	Жұмыскерлер көмегімен жетілдіру

	ы				
Мансап жолын өтуге байланысты	Жасы маңызды емес, еңбек өтілімі мен нәтиже	Таза кәсіби мансап, еш кемсітусіз	Еңбек өтілімі негізі мен таза кәсіби мансап	Дәстүрлі мансап	Еңбек өтілімі негізіне сәйкес
Ұжымдық мәдениет - ұжымдық	Ұжымдық мәдениет – даралық	Ұжымдық мәдениет – ұжымдық	Ұжымдық мәдениет – даралық	Ұжымдық мәдениет – даралық	Ұжымдық мәдениет-ұжымдық
Ақпарат көзі: Мәліметтер [3,4] негізінде жасалған					

Бұл кестеде байқағанымыздай, отандық персоналды басқару жүйесі шетел үлгісінен алыс кетпеген. Көбінесе жапондық үлгіге сәйкес келеді.

Жапон менеджментінде Т.Кононың төрт стильдік (жаңашыл - аналитикалық, жаңашыл - интуитивтік, консервативті - аналитикалық, консервативті - интуитивтік) моделі қарастырылған.

Жер бетінде қанша ұлт болса, басқарудың сонша стилі мен типі бар. Солардың ішінде жапондық, басқару стилі ерекше көзге түседі. Мысалы, жапон қызметкерлері жаңа күнді бой жазу мен өз фирмаларының жалауына қарап тұрып, фирманың әнұранын қосылып айтумен бастайды. Олар жан-тәнімен беріліп еңбек етуді, әріптестерінің арасында қарапайым, қайырымды болуды, басшыларды құрметтеуді, өз компаниясының патриоты болуды уағыздайды. Бұл рәсім басшының жұмысқа сәттілік тілеген сөзімен аяқталады. Қауымдық және топтық дәстүрлерді құрметтеу рухында тәрбиелене отырып, жапон жұмысшылары мен кәсіпкерлері салт-дәстүрлер арқылы еңбек серіктестігіне адал болу үшін ант береді. Осы кезден бастап олар бір өндірістік компанияға айналып, қауым отбасы мен өз шаңырағына қалай қараса, бұлар да бағыныштыларына да солай камқорлық жасайтын болады. Көпшілік "жапон кереметінің" құпиясын екі бастаудың — ең озық өндіріс технологиясы мен қауымдық, мұраның (өзара көмек пен ұжымдық, еңбекті, туыстық пен ұжымдық, дәстүрлерді қатал сақтаушылықтың) бірлігінен көреді. Мәдени дәстүрлер, түрлі рәсімдер шығыс елінде жақсы сақталып, бүгінгі күнде қызмет етуде. Жапондардың "дәл уақытында" өсиеті бүгінгі бәсекелестік күресінде көмектесуде. Бұл олардың қанына сіңіп, автоматты деңгейге жеткен. Ал басқа мәдениеттің өкілдеріне мұндай қарапайым нәрселерді игеру көп қиынға түскен болар еді. Франция мен Англияда «дәл уақытында» сервистік қызмет көрсету тұжырымдамасы стратегиялық жоспарлаудың мақсатына енгізілген. Фирмаішілік есеп беріп отыру еуропалық компаниялар үшін өндіріс жағдайының индикаторы болса, ал жапондықтар үшін ол қызметкерлерді инновациялық қызметке тарту құралы болып табылады.

Шетелдік социологтар екі арал-мемлекет: Ұлыбритания мен Жапонияның өндіріс мәдениетіндегі ұқсас белгілерді атап көрсетеді. Мысалы, патернализм – бір кәсіпорында өмір бойы жұмыс істеу дәстүрі, адамдарға сол кәсіпорындағы жалпы жұмыс стажын ескере отырып ақы төлеу жүйесі т.б. Осындай ұқсастықтарға байланысты мамандар жапондық басқарудың құнды белгілерін Англияда қолдануды ұсынады. Жапондықтар да басқа елдерден керегін алып жатыр. "Сапаның үйірмелік» теориясын алғашында американдық, ғалымдар В.Деминг пен Д.Юран жасағаны белгілі. Бірақ бұл теория іс жүзінде 1961 жылы Жапонияда қолданылды. Ол неге өз отанында өркен жаймады? Мүмкін АҚШ өз өнімдері сапасының жақсаруын каламайтын шығар? Егер осылай болса, олар бұл салаға орасан зор капитал жұмсамаған болар еді. Жаңа теорияның Жапонияда жүзеге асуына сол елдің ұлттық дәстүрі, яғни қызметкерлерді басқару ісіне қатыстырып, мәселені көп болып шешу үрдісі қолайлы жағдай жасады.

Ұлыбритания мен АҚШ-та "тартысты өшіру ғалымы", яғни дауды екі жаққа да пайдалы етіп, бейтарап үшінші жақтың көмегімен шешу үрдіске айналып келеді. Мұның да тамыры Жапонияда жатыр. Дәл осы елде "ұтыс-ұтылыстың" методологиясы жасалынған. Ешкімді де ренжітпеуге, ұмтылу тәртіптің ұлттық стиліне, дау – жанжалдардың шешімін табуға сәйкес келеді. Мұндай ерекшеліктер кейіннен іскерлік қарым - қатынастардың өзегіне, екі жақтың да қолайлы жағдайда табыс табуға ұмтылуына айналды. Америкада бұрын даулы мәселелерді сот арқылы шешу үрдіске айналған еді. Бұл бір жағынан ұтып, екінші жағынан ұтылуына әкеліп соғады.

Қазіргі кезде басқару саласындағы жапондық тәжірибеге американдықтар көбірек көңіл бөле бастады, атап айтқанда, мұның өзі Массачусетс технологиялық институтында зерттелуде.

Жапонияда істі, өндірісті және басқаруды ұйымдастырудың жоғары деңгейі кімді де болса қайран қалдырады. Жапония - өндірістік қатынасты, сонымен қоса, басқару сипатын айқындайтын монополистік капитализм мемлекеті. Франция және Голландиямен бірге, Жапония экономиканы бағдарлайтын капиталистік мемлекеттердің бірі.

Қазіргі жапондық басқару жүйесі едәуір икемді, әрі тиімді механизм, оның өзі соғыстан кейінгі кезеңде, қазіргі ірі ауқымды өндірісті дамыту жағдайында қалыптасты. Бұл механизм ұдайы жетілдіру үстінде.

Жапония өз экономикасын басқарудың бірегей жүйесі арқасында дамытты. Басқарудың табанды принциптері нәтижесінде көздеген мақсатына жетіп отырды. Жапон қоғамын футурологтар қоғамы деп атайды (топтағы адамдар қанағаттанғанда, жеке адамдар да өзін қанағаттандым деп есептейді).

Тұтастай алғанда экономикалық стратегия төрт негізге сүйенеді: экономикалық ресурстарды жинау және консервілеу; елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғары деңгейде ұстау; адамдарды ғылыми-техникалық прогрестің талаптарына бейімделетіндей етіп баулу және соңғысы, ғылыми зерттеулер мен ізденістерді белсендету.

Персоналды басқару және оның жұмыс істеуіне қажетті жағдайларды жасау үшін керекті мәселелерді орындау қажет.

Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

- әлеуметтік-психологиялық диагностика;
- топтық және жеке адамдардың қарым-қатынастарын, басшылықтың көзқарасын талдау және реттеу;
- өндірістік және әлеуметтік дау-жанжалды және есеңгіреуді болдырмауды басқару;
- кадрларды басқару жүйесін ақпараттық қымтамасыз ету;
- жұмыспен қамтуды басқару;
- бас лауазымды қызметтерге үміткерлерді іріктеу және бағалау;
- кадрлық потенциалды және персоналдың қажеттілігін талдау;
- кадрлар маркетингі;
- іскерлік мансапты жоспарлау және бақылау;
- жұмыскерлердің кәсіби және әлеуметтік жағдайға тез бейімделуіне жағдай жасау;
- еңбек мотивациясын басқару;
- еңбек қатынастарының құқықтық мәселелерін қамту.

